



МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ РЕСМИ АТАУЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

1996 жылға дейін Мемлекеттік Тудың ресми атауы – Мемлекеттік Жалау, Мемлекеттік Гимннің ресми атауы – Мемлекеттік Әнұран, ал мемлекеттік рәміздердің ресми атауы 1996–2008 жылдары мемлекеттік нышандар деп аталғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Бұл Геральдикалық зерттеулер орталығының «Тұран-Астана» университетінің қолдауымен «Менің Қазақстаным» акциясы аясында Астанада ұйымдастырылған танымдық семинарда айтылды. Шараға мемлекеттік құрылым, ғылыми қауымдастық өкілдері, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттер қатысқан болатын.

«Бұл орталық Үкіметтің 2021 жылғы 31 наурыздағы №195 қаулысымен құрылды. Ол қазақ геральдикасының тарихын зерделеу, жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауын қалыптастыру, ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалардың геральдикалық сипаттамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, мемлекеттік рәміздерді насихаттау бойынша жұмыс жүргізеді. Біздің қызметіміздің сфергистика, вексиллология, нумизматика, фалеристика, археология, эпистемология, хронология, гносеология, генеалогия, сигнуманистика, айдентика, тинктура, метрология, топонимика, ономастика, антропономика, пиктография, папирология, палимпсес, символизм, палеография, эпиграфика сияқты ғылым салаларымен байланысы бар», – дейді Геральдикалық зерттеулер орталығы директорының міндетін атқарушы Шерхан Талапов.

Геральдикалық зерттеулер бөлімінің басшысы Асылжан Бижановтың айтуынша, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туында 1992 жылдың сәуір-маусымындағы алғашқы қабылданған қызғалдақ гүлдің ою-өрнегі болды.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАНК ҚАШАН ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?



Банктерге мемлекет тарапынан қаржылық көмек көрсетілмейді. Бұл шара жойылып, енді банктердің проблемалық активтері үшін олардың өздері қаржы жинайтын болады. Бұл – қор емес, қиындыққа тап болған қаржы ұйымдарына көмек көрсету тетігі. Мұнда әрбір банк өз ресурстарына сай әрекет етеді. Яғни, банктер өз мүмкіндігі шегінде көмек көрсетеді.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БАЗЫНА

БҮКІЛ САЛАНЫҢ БЕДЕЛІН БІР СУДЬЯНЫҢ ӘРЕКЕТІМЕН ӨЛШЕУ КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМСЫЗ

Астана қалалық сотының судьясы Әсел Досаева мас күйінде көлік жүргізіп көзге түсті. «Судья да адам» деп ақтауға тырысқанымызбен, қазының бұлай қателесуге қақысы жоқ еді. Өйткені «судья – дегеніміз сөйлейтін заң», тура төрелік жасау міндеті жүктелген мәртебесі биік тұлға. Бір теріс әрекеті үшін өзін ғана емес, бүкіл құрылымды қоғамның талқысына шығарған Досаева жазасыз қалуы мүмкін деп алаңдап жатқандар баршылық.

Заңды жетік білмейтін қарапайым жұртшылықты былай қойғанда, Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Әбеновтің өзі «мас судьяны» желеу етіп әлеуметтік желіде бірнеше жазба қалдырып, «Заң және тәртіп» судьялардан басталуы керек» деп үндеу тастаған екен. Фейсбук желісіндегі жазбасында депутат: «Міне, мас судьяны полиция ұстаған соң, үйіне жіберген. Негізі ол еліміздің басқа азаматтары секілді қамауға алынуы керек еді» дейді. Депутаттың бұл сөзі халық арасында елеусіз қалмасы

түсінікті. Жазбаны бөлісіп, бір судьяның әрекеті үшін бүкіл сот саласын қаралап жатқандардың қарасы қалың. Енді осы тұста мына бір мәселеге назар аудармай кетуге болмайды.

Жалпы көлікті масаң күйде жүргізгендерге қатысты жазаның қатаң екенін азаматтардың бәрі біледі. Ол депутат бола ма, судья не прокурор бола ма, көлікті мас күйінде жүргізсе, соған сай жауаптылық арқалауы керек. Ал Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабына сай, көлік құралын

алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде басқарған, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның басқаруына берген жүргізуші он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алынуы және жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылуы тиіс. Егер бұған қоса мас жүргізушінің көлік жүргізу куәлігі болмаса, онда 20 тәулік қамақта отыруы шарт. Әбеновтің дүркін-дүркін «мас судья» тақырыбына соғуының себебі де осы қамаққа алу жазасының бірден орындалмауымен байланысты болса керек. Депутаттың жазбасын көрген жұртшылық судьяның жеке басының кем-кетігін түгендеп қоймай, бүкіл бір саланың беделін төмендетіп, жұмысын іске алғысыз етіп жатыр. Себебі, Әбенов білгенмен, қарапайым халық депутат, судьяларда ерекше иммунитет барын білмеуі әбден мүмкін. Тағы бір ескерер-

лігі, кодексте айқындалғандай көлікті масаң күйде жүргізгендерді қызметтен шеттету, жұмыстан шығару, мәнсабын төмендету секілді қосымша жаза да қарастырылмаған.

Әдетте мас жүргізушіге қатысты іс қалай жүреді? Алдымен полиция жүргізушіні тоқтатып, күдігі болған жағдайда қаншалықты алкоголь немесе есірткі, болмаса басқа да уытқұмарлық затты пайдаланғанын медициналық куәландыру үшін сараптамадан өткізуге апарды. Сараптамада жүргізушінің масаң халде екенін расталған жағдайда, оның мөлшері хаттамада көрсетіліп, сотқа жіберіледі. Кінәлі жүргізуші сот қаулысынан кейін қамауға алынады. Қарапайым азаматтарға қатысты сот жедел жүріп, бірден орындалады.

(Жалғасы 2-бетте)

3-бет



Мал ұрлығын ашу
мардымсыз

4-бет



Күшпия миссия

8-бет



Шамиль шалдың
күшпиясы

БАЗЫНА

БҮКІЛ САЛАНЫҢ БЕДЕЛІН БІР СУДЬЯНЫҢ ӘРЕКЕТІМЕН ӨЛШЕУ КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМСЫЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал судьяларда иммунитет болғандықтан, бұл процесс сәл ұзағырақ уақыт алуы мүмкін. Мұны заң шығару орнында отырған, өзі де реті келсе депутаттық иммунитетін қолданатын Әбенов мырзаның білмеуі есте мүмкін емес. Себебі, мас судья әлі қамауға алынбаса, бұл жазасыз қалады дегенді білдірмейді. Тек жаза сәл кештеу орындалуы мүмкін екенін көрсетеді. Сонда депутат мырзаның көздегені не?

Сөзімізді Астана қалалық сотының баспасөз қызметі таратқан ақпаратпен тұздықтасақ: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды Ішкі істер министрлігі Бас прокуратураға жолдады. Ол белгіленген тәртіпке сәйкес судьяны жауапқа тарту туралы мәселені қарау үшін Жоғары Сот Кеңесіне ұсыныс енгізеді. Тәртіптік жауапкершілік, сондай-ақ судьяларды кадрлық іріктеу, тағайындау және қызметтен босату мәселелері дербес мемлекеттік орган – Жоғары Сот Кеңесінің құзыретінде. Барлық қажетті тексерулерді құзыретті орган

заңнамаға сәйкес жүргізеді» делінген хабарламада.

Әлбетте, судьяның мұндай теріс әрекетпен көзге түсуі ұят тірлік. Сондықтан мәселенің жасырылып қалмай, қоғамда ашық талқыланғанында тұрған еш әбестік жоқ. Қайта соның нәтижесінде басқа судьялар да Досаеваның қателігін қайталамауға барын салары анық. Тек өкініштісі бұл судьяның лайықсыз әрекетін мысал етіп, бүкіл сот жүйесіне сын айтылуда. «Бедел мысқалдап жиналады». Ал сот ұжымының жылдар бойы жинаған абыройының бір адамның лайықсыз әрекетінен төмендеуі көңілге қаяу салмай қоймайды. Мұны фейсбук парақшасында Қазақстан Республикасы Судьялар одағының төрағасы Досжан Әмір де орында атап өтті. Өз жазбасында одақ төрағасы:

«Әкімшілік немесе қылмыстық болсын, заң бұзушылықтар кез келген салада кездеседі. Әртүрлі деңгейдегі прокурорлар, әкімдер мен депутаттардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған кезі болды. Бірақ солай екен деп олар қызмет еткен саланы

тұтастай қаралау орын алған жоқ. Біз де сот билігінің өкілі ретінде салаға қатысты орынсыз сынның айтылуын қаламаймыз. Өйткені биліктің бір тармағына қатысты сенімнің төмендеуі – бүкіл мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын төмендетеді.

Судья тарапынан орын алған әрбір бұзушылық фактіге қолданыстағы заңға сәйкес құқықтық баға беріледі. Сот әдебі жөніндегі комиссия, Жоғары Сот Кеңесі және Жоғарғы Сот мұндай жағдайларды қатаң түрде заң шеңберінде қарайды. Мұндай әрекеттерге ешқандай кешірім жоқ.

...Сот саласы ақтауға, ақталуға мұқтаж емес. Бұл сала халық пен заңға қызмет етеді. Судьялар күнделікті жұмысында әділдік пен заңдылықты қамтамасыз етеді, сондықтан да олардың еңбегі айыптауға емес, құрметке лайық. Қазақстан Республикасы Судьялар одағы билік пен қоғамның барлық өкілдерін әр пікірін сүзгіден өткізіп, жауаптылығын сезініп, таразылап барып айтуға шақырады. Көпшілік алдында айтылған әрбір сөз мемлекеттің бірлігін сетінуге



емес, бекітуге қызмет етуі керек. Егер сот билігіне деген сенім бұзылса – бүкіл мемлекеттік билікке деген сенім бұзылады. Биліктің сот тармағының беделі – бұл жалпы мемлекеттің беделі» – дейді.

Судьялар одағының сот саласына қатысты айтылған орынсыз сынға көпшілік алдында жауап беруі, әрине, дұрыс қадам. Мұны азаматтардың пікірінен де байқау қиын емес. Мәселен Республикалық адвокаттар алқасының төрағасы Айдын Бікебаев: «Судьялар одағы жарады. Одақ атынан жолданған мұндай үндеуді бірінші рет көріп тұрмын. Досжан Сарманқұлұлы, дұрыс бастама. Су-

дьялар қауымдастығының дауысы көпшілікке жеткізілуі керек.

Судьялар одағының үндеуінің өзі маңызды оқиға. Бұл прецедент Судьялар одағы мен судьялар қауымдастығының басқа да мәселелер бойынша ашық пікір білдіруінің бастамасы болар деп сенеміз» десе, белгілі заңгер Жұмагелді Елубаев «Судьялар одағының үндеу жасауы уақытылы және дұрыс! Азаматтық қоғамда, бизнес-те, биліктің барлық тармақтарында теріс қылықпен көзге түскендер бар. Олар жасаған әрекеті үшін жауапкершілікке тартылады. Сондықтан, мұндай жеке жағдайларда бәріміз де ұстамдылық пен төзімділік танытуымыз керек» деген.

Осы тұста біздің ойымыз судья Ермек Тұрбаевтың: «Судьяның жауапкершілігі Конституциямен айқындалған, әрине, заңды аттаған және әдептілік талаптарын бұзған судьяның жауапсыз қалмайтыны анық. Бірақ осы жағдайды арқау етіп, бүкіл сот жүйесіне күйе жағып, судьялардың тәуелсіздігіне қол сұғуға болмайды. Судьяның жөнсіз бір әрекеті мәселені ушықтыратындай жағдай емес. Онсыз да Антына берік әріптестеріміздің қалыпты жұмысына айтылатын сын аз емес. Қайта судьяның тәуелсіздігін одан әрі жетілдіру қажет» деген пікірімен үндес.

Сот саласы бүгін қалыптасқан жоқ. Мұндай алып құрылымның тарихы тереңде. Осы күнге дейін неше буынды алмастырған үлкен саланың беделін бір судьяның әрекетімен өлшеу көңілге қонымсыз.

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАНК ҚАШАН ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дамыған елдердегідей, бұл қаржы алдын ала жиналмайды. Қолдау шарасы банктер қиындыққа ұшыраған кезде ғана оларды тығырықтан шығару үшін жүзеге асырылады. Ең бастысы, банкті иеленіп отырған акционерлер ендігі жерде мемлекет көмегіне арқа сүйей алмайды. Ұлттық банк тек олардың активтерін тез әрі жеңіл сатуға ғана көмектеседі. Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында Қаржы нарығын реттеу және дамыту жөніндегі агенттіктің төрағасы Мәдина Әбілқасымова депутат Айдарбек Қожаназаровтың сауалына жауап беру барысында айтты.

Төменгі палатада «Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы» заң жобасы бірінші оқылымда қаралған болатын. Жаңа құжат депутаттар тарапынан көптеген сұрақ тудырды. Жалпы заң жобасы 1995 жылғы «Банк қызметі туралы» заңды жаңғырту үшін жасалды. Бүгінде құжаттың жаңа технологияларға, жаңа қызмет көрсету модельдеріне және тұтынушыларды қорғау стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету қажет. Отырыста заң жобасы бойынша қосымша баяндама жасаған Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Татьяна Савельева-ның айтуынша, құжатты қарау барысында Парламент депутаттары 500 түзету енгізіпті.

Заң жобасының бес негізгі бағыты бар. Біріншіден, ол банктің бүкіл өмірлік циклін сипаттап, онда реттеуші орган, банктердің өздері және олардың клиенттері үшін ашық ережелер мен нақты әрекеттер тізбегі көрсетілген. Заңның құрылымы мен мәтіні логикалық тұрғыдан құрылымдалған. Әрбір кезең яғни, банк лицензияны қалай алады, капитал және басқару талаптары, клиенттермен қарым-қатынас қалай реттеледі, бұзушылық болған жағдайда не болады және мәселені шешу процесі түгел реттелген.

Екіншіден, Мемлекет басшысының тапсырмасына орай, бәсекелестікті дамытуға басымдық берілді. Депутаттың айтуынша, Қазақстандағы бес ірі банктің актив үлесі қазіргі уақытта 65-68 пайыз. Бұл өте жоғары шоғырлану болып саналады. Жаңа ойын-

шылардың нарыққа кіруі маңызды. Қазіргі уақытта елде 22 банк жұмыс істейді және бұл салауатты бәсекелестік үшін жеткіліксіз. Жаңа заңның ережелері шағын, бірақ банктердің нарыққа кіруін жеңілдетеді деген сенім бар. Бұған екі деңгейлі лицензиялау жүйесі ықпал етеді. Олар ірі банктерге арналған әмбебап лицензия және шектеулі форматта жұмыс істейтіндерге арналған базалық лицензия. Негізгі лицензия бойынша капиталға қойылатын талаптар төмен және транзакцияларға шектеулер болады, ал қадағалау кешенді күйінде қалады. Яғни, заң жүйенің сапасы мен тұрақтылығына



нұқсан келтірмей, банктер санының өсуіне мүмкіндік жасайды. Қазақстанда ықшам, технологиялық тұрғыдан дамыған, клиентке бағытталған жаңа банктердің пайда болуы өте маңызды.

Төртінші бағыт: жаңа реттеуші құралды – мінез-құлықты бақылауды енгізу. Бұрын реттеушінің негізгі міндеті пруденциалдық қадағалау, яғни банктердің қаржылық тұрақтылығын, капиталын, өтімділігін және тәуекелдерін бақылау болса, қазір қарапайым тілмен айтқанда, тағы бір өлшем қосылды. Ол – банктердің клиенттерге қатысты қалай әрекет ететінін бақылау. Бұл жарнама мен қызмет көрсетуден бастап қауіпсіздік пен деректерді қорғаудың қатаң талаптарына дейінгі тұтынушылармен өзара әрекеттесудің бүкіл циклін қамтиды. Мысалы, банк өнімдерін жарнамалау адастырмауы,

жеңілдіктерді асыра көрсетпеуі немесе тәуекелдерді жасырмауы керек. Келісімдер ұсақ шрифтсіз, жасырын комиссияларсыз немесе екіұшты сөздерсіз ашық және түсінуге жеңіл болуы керек.

Клиенттер үшін ерекше қиындық тудыратын мәселе – сақтандыру немесе басқа өнімдер несиеге автоматты түрде қосылу екені рас. Енді мұндай тәжірибелерге тыйым салынады. Клиенттер айыппұлсыз, несие беруден бас тарту қауіпсіз және келісімшарт шарттары нашарламай кез келген қосымша қызметтен бас тарта алады.

Банктер мен басқа да қаржы институттары өз клиенттерін алаяқтықтан қорғау үшін күдікті транзакцияларды ерте анықтауды ішкі жүйелерін енгізуге міндетті болады. Мысалы, клиенттің картасы бұрын-соңды болмаған жаңа елдерге аударым, көп мөлшерде қолма-қол ақша алу, ерекше сән-тағы сатып алулар секілді транзакциялар үшін пайдаланылса, жүйе мұны ықтимал күдікті әрекет ретінде танып, банк пен клиентке автоматты түрде хабарлауы керек. Әрі жеке деректерді қорғау күшейтіледі. Бұл клиенттің банк қызметін пайдалану кезінде өзін қауіпсіз сезінуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Жиында сөз алған депутат Берік Бейсенғалиевтың айтуынша, базалық лицензияны енгізу арқылы банк нарығына қол жеткізуді оңайлату прогрессивті қадам. Негізінде елдегі көптеген ірі микроқаржы ұйымдары қазірдің өзінде жеткілікті капиталды жинады және аймақтық банкке айналып, шағын және орта бизнеске несие бере алады. Қаржылық ойыншылардың көп болуы бәсекелестікті соғұрлым жоғары етіп, өз кезегінде бұл экономиканы несиедендіруге оң әсер береді. Сонымен қатар реттеуші тарапынан банктер Жазында сөз алған депутат Берік Бейсенғалиевтың айтуынша, базалық лицензияны енгізу арқылы банк нарығына қол жеткізуді оңайлату прогрессивті қадам. Негізінде елдегі көптеген ірі микроқаржы ұйымдары қазірдің өзінде жеткілікті капиталды жинады және аймақтық банкке айналып, шағын және орта бизнеске несие бере алады. Қаржылық ойыншылардың көп болуы бәсекелестікті соғұрлым жоғары етіп, өз кезегінде бұл экономиканы несиедендіруге оң әсер береді. Сонымен қатар реттеуші тарапынан банктер

мен тұрақтылық тұрғысынан ғана емес, азаматтардың құқығын қорғау тұрғысынан да үлкен қадам. Яғни, жаңа заң банк жүйесін нығайтуға және бәсекеге қабілетті болуына, тұтынушылар құқығын қорғауға және ұлттық цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған.

Әбілқасымова ханымның депутат Нартай Аралбайұлының сауалына берген жауабынан халықтың несиеге батуының алдын алатын өзге де шаралар қарастырылғанын білдік. Аралбаев мырза бұл орайда банктердің кейбір әрекетіне базынасын жасырмаған. «Біздегі банктер бизнесті, жаңа жобаларды ысырып қойып, қарапайым халыққа еселеп жоғары пайызбен кредит беруде. Биылғы жылдың қыркүйегінде 8,5 млн азаматтың кредиттік берешегі бар екені белгілі болып отыр. Оның көлемі республиканың бір жылдық бюджетіне жетеғаны – 23 трлн теңге. Мұның 14 трлн теңгесі кепілсіз тұтынушылық кредит. Банктер кредит берген кезде қосымша сақтандыруды енгізіп, халықтың қарызын одан сайын көбейтеді және өз еркімен кредит алудан бас тартқан азаматтарға қоңырау шалу, смс жіберу арқылы қарыз алуға тартады» дей келіп, осы заңсыздықтарды тоқтату үшін аталған заң жобасында көзделген қадағалау принциптерінің тиімділігі жайлы сұраған еді. Әбілқасымова ханымның айтуынша, бұл келеңсіздікті алдын алу үшін банктерде халыққа қызмет көрсетуде тәуекелдерді басқару жүйесі құрылады. Үшіншіден, жоқшысыз тәжірибелерді бақылау енгізіліп, агенттікке мұндай тәжірибелерді тоқтатуға құқық беріледі. Олар қосымша қызметтерді жүктеу, нақты құнды жасыру, жаңылыстыратын ақпаратты тарату, сатудың агрессивті әдістерін қолдану. Төртіншіден, өтініштерді қараудың тиімді жүйесі жасалады. Ол тек сандық көрсеткіш емес, сапалы тұрғыдан өзгеру жүйесі болады. Осы шараның бәрі жауапсыз кредит берудің алдын алады.

Десе де жаңа құжатта ескерілмей қалған мәселелер де бар. Соның бірі жайлы депутат Жигули Дайрабаев мәлімдеді. Бұл заң жобасы қашаннан айтылып жүрген аграрлық банк құру қажеттігін айналып өткен. Мұндай мәселе заң жобасын комитеттерде қарау кезінде көтеріліпті. Бірқатар депутат егер аграрлық банк құру қарастырылмаса, заңды қолдамайтынын ашық айтқан. Сол сәтте үкімет мәселені қарастырып, тиімді шешуге уәде беріпті. Алайда, заң жобасында аграрлық банк жайлы бір ауыз сөз жоқ. Осыны ортаға салған Дайрабаев мырза бұл мәселенің қолдау табуы әлеуметтік мәселенің шешімі екендігі, өйткені, халықтың жартысы ауылда тұратындығы, олардың арзан несиенің болмауынан өз кәсібін аша алмай отырғанын ортаға салды. Құзырлы орын өкілдері бұл базынаға мардымды жауап бере алмады. Бұдан тұйғынміз банктердің әлі де елге бұрылуы қиын болатын секілді.

Құжат бірінші оқылымда мақұлданды. Екінші оқылымға дейін Үкімет қателігін түзеп, тиімді шешімге келсе құба-құп.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

КӨКЕЙКЕСТІ

МАЛ ҰРЛЫҒЫН АШУ МАРДЫМСЫЗ

Депутат Анас Баққожаев Премьер-Министр Олжас Бектеновке еліміздегі мал ұрлығына қатысты түйткілді мәселелер бойынша сауал жолдаған еді. Онда жылқысын ұрлатып арызданған адамдардың өткен жылы мыңнан асқанын тілге тиек етіп, полиция қызметіне сын айтқан болатын.



«Полиция қызметкерлері жоғалған малды іздестірудің орнына жылқы иесінің өзіне «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 408-бабын, яғни мал бағу ережесін бұзды» деп айыппұл салуға асығады. Нәтижесінде ауыл адамы «жоғалған жылқыны өзін іздеп тапқаным жақсы» деп арыз жазудан бас тартады. Арыз-шағым жазылғанның өзінде жоғалған мал табылады деген үміт мүлдем жоқ. Ең сорақысы мал ұрлығы бойынша тергеу жұмыстары формальды түрде жүргізіледі. Малдың өлекесі табылмаса да қозғалған істердің көбі «мал жоғалды» деп жабыла салады. Біз Қазақстанды аграрлық мемлекет дейміз. Ауылдарды сақтап қалу, ауыл адамдарының әлеуметтік жағдайын жақсарту маңызды дейміз. Бірақ аграрлы елге лайық сервис жоқ. Жылқыны, жалпы мал шаруашылығын барымташылардан қорғайтын жүйелі жұмыс атқарылмайды», – деген Анас Ахатұлы «Ауыл» партиясы мен «Аманат» партиясы фракцияларындағы әріптестері де қолдаған.

Онда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 147-бабы бойынша кейбір шаруа қожалықтарының иелері малды өз егістігіне әдейі айдап шығарып фото-видео дәлелді заңсыз түсіріп алғаннан кейін учаскелік инспекторды шақырып мал иесінен 150 мыңнан 1,5 млн теңгеге дейін ақша бопсалайтыны да айтылды. Депутаттың сөзіне қарағанда, мал иесі оған көнбеген жағдайда полиция істі тіркеп ары қарай сотқа жолдайтынын ол жерде одан да көп мөлшерде келтірілген зиян ретінде айыппұл өндіретінін айтып қорқытады. Жайлаудан күз уағында қашып келген жылқыларды егінге түсті деген желеумен қамап, егер ешкім білмеген жағдайда жоғалтып жіберу немесе іздеп келген жағдайда жоғарыдағы әдіспен ақша талап етіп шығарып беруді бизнеске айналдырып алғандары бар.

ДЕПУТАТТАР ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДЕН ХАБАРСЫЗ БА?

Анас Баққожаевтың ұсынысы бойынша бірінші, Ішкі істер министрлігінің және облыстардағы ішкі істер департаменттерінің құрамында мал ұрлығы бойынша арнайы жасақ құрылуы тиіс. Екінші, мал ұрлығының жазасын қатаңдату керек. Қылмыстық кодекстің 188-1-бабында мал ұрлығы бойынша қарастырылған «айыппұл салу», «сол мөлшерде түзеу жұмыстарына салу» немесе «бас бостандығын шектеу» сияқты санкциялар тым «жұмсақ». Сондықтан оларды алып тастау керек. Үшінші, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің егістіктерді таптауға қатысты 147-бабын қайта қарастырып, оған «Қасақана» деген сөз енгізілуі тиіс.

Ал Премьер-министрдің сөзіне қарағанда, Үкімет ауыл шаруашылығы жануарларын ұрлау фактілерінің алдын алу бойынша саланы цифрландыру, мал басын дұрыс есепке алуды қамтамасыз ету, жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізу, тиісті құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілікті күшейту сияқты кешенді жұмыс жүргізуде. Бүгінгі таңда елімізде шамамен 4,2 млн бас жылқы, 8,7 млн бас ірі қара және 20 млн астам ұсақ мал бар. Ауыл шаруашылығы жануарларын дәл есепке алуды қамтамасыз ету мақсатында «Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру» ақпараттық жүйесі (АШЖС) жұмыс істейді, ол қадағалаудың толық циклін қамтамасыз етеді – жануардың тууын және орнын ауыстыруын тіркеуден бастап оның шығуына дейін. Бұл малды тасымалдау және өткізу кезінде қосымша бақылауды қамтамасыз етеді, құқық қорғау органдарының жұмысын жеңілдетеді және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүлкікті құқықтарын қорғау деңгейін арттырады. Бұдан басқа, агроөнеркәсіптік

кешен саласындағы уәкілетті орган Ішкі істер органдарымен бірге ветеринариялық іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының бекітілген қағидалары шеңберінде жануарларды заңсыз тасымалдау фактілерінің жолын кесу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды тұрақты негізде жүргізеді. Мәселен, биыл жыл басынан бері жеке және заңды тұлғаларға қатысты 687 әкімшілік іс қозғалғанын хабарлады. Онда 319 ескерту және 368 айыппұл салынған.

«Соңғы бес жылда елдегі мал ұрлығының деңгейі үш есеге төмендеді: 2020 жылғы 3055 жағдайдан 2024 жылы 1026 жағдайға дейін. Биылғы 9 айда тіркелген қылмыстар саны тағы 5,5 пайызға қысқарды. Мал ұрлығына қарсы іс-шараларды 2017 жылы құрылған ІІМ-нің мамандандырылған бөлімшелері жүзеге асыруда. Аталған топтар қылмыстық процестік заңнамада көзделген жедел-ізвестіру және тергеу іс-шараларының кешенін жүзеге асырады. Жануарларды генетикалық сәйкестендіруді (ДНҚ талдауын) енгізуге қатысты бұл әдіс мал ұрлығы фактілерін тергеудің тиімді құралы болып табылады. Алайда оны іске асыру айтарлықтай қаржылық және материалдық-техникалық ресурстарды қажет етеді. Осыған байланысты тиісті зертханалық жүйені енгізу мәселесі саланы цифрландыру, биркалық сәйкестендіру жүйесін дамыту және бюджеттік мүмкіндіктер кезеңдерін ескере отырып қаралатын болады», – дейді Олжас Бектенов.

Олжас Абайұлының айтуынша, жауапкершілікті күшейту үшін Қылмыстық кодекске «Мал ұрлығы» деген 188-1-бап енгізілген. Ол ұрыны мүлкін тәркілей отырып, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны көздейді. Қылмысты қайталап жасау немесе тұрғын және шаруашылық үй-жайларға (қора, қашалар және т.б.) кіру арқылы жасалған жағдайда жаза ауырлатылған тәртіппен қолданылады. Осылайша, мал ұрлығы ауыр қылмыс санатына жатқызылған, тараптардың татуласуы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босату мүмкіндігі алып тасталды. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстің 147-бабына қатысты қолданыстағы редакция кінәнің нысанына (қасақана немесе абайсызда) қарамастан, бөтен мүлкікті зақымдағаны үшін жауапкершілікті көздейді. Қосымша 147-1-бапта қасақана әрекеттер арқылы мүлкікті зиян келтіру жауапкершілігі белгіленген, ол үшін айыппұлдар және өзге де әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылады. Аталған құқықтық нормалар жиынтығы құқықтық құралдардың теңгерімін қамтамасыз етеді және аграрлық саладағы құқық бұзушылықтарға тиімді әрекет етуге мүмкіндік береді.

**Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»**

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Соңғы уақытта қаржы нарығында байқалған жағымды құбылыстардың бірі – теңгенің долларға қатысты нығаюы. Бұл жағдайға байланысты сарапшылардың көзқарасы әртүрлі: бір бөлігі мұны Ұлттық банктің орынды қадамдарының нәтижесі десе, енді бірі оны уақытша үрдіс деп бағалайды. Қалай болғанда да, теңге бағамының қозғалысы нарықтағы баға деңгейіне тікелей ықпал ететіндіктен, ұлттық валютаның ахуалы қарапайым халық үшін де бейтарап тақырып емес.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ҚАРЖЫ АҒЫМЫН ҚАЛАЙ РЕТТЕП ОТЫР?

Доллар бағамы 2025 жылғы шілдедегі деңгейге қайта түсті. 30 қыркүйектен бері теңге 549 теңгеден 523 теңгеге дейін нығайып, бір айда 25 теңгеге немесе 4,8%-ға қымбаттады. Сарапшылар теңгенің мұндай күшеюін еліміздің халықаралық нарықта 1,5 миллиард долларлық еурооблигация шығарғанымен байланыстырады. Бұл қаражаттың бір бөлігі ішкі нарықта теңгеге айырбасталып, валюта ұсынысын арттырған болуы мүмкін. Ұлттық банк нарықта белсенді болды. Қыркүйекпен салыстырғанда шетел валютасын сату көлемі 50%-ға өсіп, 1,54 миллиард долларға жеткен. Сарапшылар мұны «айна операцияларымен» байланыстырады. Яғни Ұлттық қор мен мемлекеттік бюджет арасындағы валюта қозғалысын теңестіру әрекеті. Ұлттық банк екінші жартыжылдықта теңгелік өтімділікті қысқарту саясатын күшейтуді жоспарлап отыр.

«Алтын бағасының өсуіне байланысты, біз артық ақша массасын шектеуге көшеміз. Төртінші тоқсанда ай сайын шамамен 467 миллиард теңге айналымнан шығарылады. Ал қаңтар-қыркүйекте бұл көрсеткіш 250 миллиард болған», – деп хабарлаған еді реттеуші ұйым. Бір қызығы, қазан айында Ұлттық банк валюталық интервенция да, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры үшін шетел валютасын сатып алу операциясын да жүргізбеген. Ал керісінше, квазимемлекеттік сектор тарапынан валюта сату азайған 279 миллион доллар, қыркүйекте бұл көрсеткіш 378 миллион доллар болған. Қазір теңге нарықта күшейіп тұрғанымен, сарапшылар бұл уақытша құбылыс дейді. Себебі теңгенің тұрақтылығы көбіне мұнай бағасы мен Ұлттық банктің валюталық саясатына тәуелді. Мәселен, Halyk Finance сарапшылары теңге бұл тұғырында ұзақ уақыт тұра алмайды деп отыр. Олардың есебіне, жыл соңына дейін доллар 550-560 теңге деңгейіне көтерілуі мүмкін. Тіпті 2026 жылы теңге тағы әлсіреп, 610 теңгеге дейін жетуі ықтимал. Қаржыгер Сұлтан Елемесов болса «Halyk Finance сарапшыларының болжамы тым пессимистік бағытта», – деген пайымда. «Кейде нақты деген болжамдардың өзі орындала бермейді. Қазір тек санға емес, экономиканың нақты жағдайына да қарау керек. Сол кезде ғана теңге бағамының қай бағытта жүретінін түсінуге болады. Ұлттық банк теңгені әдейі күшейтіп, кейін күрт әлсіретуге мүдделі емес. Онда да кәсіби қаржыгерлер отыр. Олар инфляциялық тәуекелге әсер ететін құрал – базальк мөлшерлеме емес, мықты теңге екенін жақсы біледі. Бас банк инфляцияны тежеу үшін базальк мөлшерлемені көтеруге дайын екенін ашық айтты. Бұл теңгенің тұрақтылығын қолдайды. Оның үстіне, халықаралық нарықтарда бізге долларды төмен мөлшерлеменен қарызға беруге дайын. Бұл да теңгеге сенімнің белгісі», – дейді ол.

Жалпы, доллардың арзандағанын көрген жұрт жаппай сатып алу туралы ойлана бастады. Бірақ бұл ойды белгісіздік басып кетіп жатыр. С.Елемесов осы сұраққа да жауап берді. Қарашада теңге тағы 520 деңгейіне дейін нығаюы мүмкін дейді. Одан кейін біртіндеп 540-545 теңгеге қайта оралады. «Егер ұзақмерзімді мақсат үшін доллар керек болса, қазіргі курс – жаман емес. Бірақ бәрібір теңге әлсірейді», – деді ол. Ал экономист Расул Рысмамбетов кейінгі кезде теңгенің қайта күшеюіне таңданысын жасырмады. Оның айтуынша, ұлттық валюта 530 теңгеден төмен деңгейге түсті әрі сол маңда бекігендей көрініп отыр. Сарапшы мұндай жағдай бұрын да болғанын еске алады. Былтыр көктемде де осындай жағдай болған. Сол кезде нарыққа доллар көптеп түсті. Қазір де соған ұқсас көрініс болып тұр.

«Импортқа тәуелді елміз. Сол кезде күртісі еркін жіберу дұрыс шешім емес еді деп ойлаймын. Іштей әлі де сол пікірдемін. Бірақ шындықпен санасуға тура келді. Теңгенің кейінгі күшеюі Ұлттық банктің шешімдерімен тығыз байланысты. Бірер күн бұрын Ұлттық банк қарашада Ұлттық қордан 600-700 миллион доллар сататынын мәлімдеді. Бұл жаңалықты банктер мен трейдерлер тез ұғып үлгерді. Базальк мөлшерлемені 18%-ға көтеру арқылы Ұлттық банк теңгені нығайтты. Бұған қоса, бюджетке қосымша түсім үшін Ұлттық қордан доллар сатты, бұл қалыпты тәжірибе. Бірақ қазір бұл саясаттың әсері ерекше байқалып отыр», – дейді Р.Рысмамбетов. Оның болжамынша, инфляция бәсеңдеген соң, базальк мөлшерлеме біртіндеп төмендейді. Қаңтар айына қарай 17-16, тіпті 15%-ға дейін түсуі ықтимал. Бұл қадам Қаржы министрлігі үшін де тиімді, себебі жоғары мөлшерлеме мемлекеттік шығындарды арттырады.

**Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»**

СПОРТ

«ЖАС САРБАЗ БАРЫСЫ» АНЫҚТАЛДЫ

Елорданың «Өндіріс» спорт кешенінде «Жас сарбаз барысы» қалалық турнирі өтті. Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен оның бастамашысы болған – «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының қалалық филиалы.



Турнирдің ашылу салтанатына Қорғаныс министрлігінің, Астана қаласы әкімдігінің өкілдері, «Өркен» балалар мен жасөспірімдер дене тәрбиесі орталығының басшысы Ғинаят Хамитұлы, «Жас сарбаз» республикалық және қалалық балалар-жасөспірімдер қозғалысының төрағалары майор Мейірбек Меңдіғалиев пен Айдархан Шыңғысханұлы және жаттықтырушылар мен жас спортшылар қатысты.

– Қазақ күресі – жай спорт емес, бұл біздің ұлттық мұрамыз.

Жастардың осындай турнирлерге қатысуы адамгершілік рухты, өз қабілеттеріне деген сенімділікті нығайтады, Отанға деген сүйіспеншілікті оятады, – деп атап өтті майор М. Меңдіғалиев.

Боз кілемге 2008–2009 жылы туған он екі мықты спортшы шығып, тартысты сайыста жоғары дайындық деңгейін және жеңіске деген ұмтылысын көрсетті.

Бас қаламыздағы № 85 мектеп-лицейінің оқушысы Әлижан Ерсәев қазақ күресінің чемпионы

атанды. Екінші орын № 28 мектептің оқушысы Ерзат Төстікке, үшінші орын № 110 мектептен Әлихан Толысбайға бұйырды.

Бірінші және екінші орын алған жас балуандар «Жас сарбаз барысы» жарысының республикалық кезеңінде елорданың намысын қорғайтын болады. Турнир жеңімпазы Әлижан Ерсәев бұл жетістік ол үшін маңызды қадам болғанын айтады.

– Жеңіс оңай болған жоқ, өйткені қарсыластар соған лайықты болды. Алайда өзіме деген сенім мен жаттықтырушылардың қолдауы нәтижеге қол жеткізуге көмектесті. Ендігі мақсатым – республикалық турнирде лайықты өнер көрсету, – деді чемпион.

«Жас сарбаз барысы» турнирі жас патриоттарды ата-бабаларымыздың бай мұрасы мен заманауи құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелейтін ұлттық дәстүрлермен ұштасқан жарқын спорттық шара болды.

**ҚР Қорғаныс министрлігінің
баспасөз қызметі**

ҚАДАҒАЛАУ

ҚАЙТАРЫЛҒАН АКТИВТЕР – ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ!

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының Бұлдырты ауылында прокуратура органдары мемлекетке қайтарған активтер есебінен салынған жаңа дәрігерлік амбулаторияның салтанатты ашылуында болды.

Іс-шараға аудан прокуроры Ершат Камбетов, облыс әкімінің орынбасары Тлепбергел Каюпов, аудан әкімі Жұмағелді Батырғалиев және ауыл тұрғындары қатысты.

Бұған дейін ауыл тұрғындарына медициналық қызмет 1968 жылы салынған ескі амбулатория ғимаратында көрсетіліп келген. Уақыт өте келе ғимарат апатты жағдайға жетіп, қазіргі талаптарға сай болмай қалды.

Жаңа амбулатория бір ауысымда 40 адамды қабылдай алады және ауыл тұрғындарын сапалы әрі дер кезінде алғашқы медициналық

көмекпен қамтамасыз етеді. Бұл – мекеме заманауи құралдармен толық жабдықталған, пациенттерді қабылдауға және тексерулер өткізуге барлық қолайлы жағдайлар жасалған.

Жалпы, өңірде қайтарылған активтер есебінен денсаулық сақтау және сума жабдықтау салаларын қоса алғанда, әлеуметтік нысандарды салу және қайта жаңарту жобалары жүзеге асырылуда.

**Батыс Қазақстан облысы
прокуратурасының баспасөз
қызметі**

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІ

ҚҰПИЯ МИССИЯ

немесе ұлттық теңге туралы төраға сыры



Негізі, Жеңісбек аға ешқашан өзінің қызметі жайлы ашылып әңгіме айтпаған. Дегенмен, тәуелсіз еліміз тәй-тәй басқан жылдары ұлттық құндылықтарымызды қызғыштай қорыған құпия қадамдардың сырын білмекке бір емес, бірнеше рет қолқалап қоймадық. 1995–1997 жылдары ҚР ҰҚК төрағасы болған Жұманбеков Жеңісбек Мұхаметкәрімұлы бұл жолы өзіне жасаған өтінішімізді жерге тастамады. Оның да өзіндік жөні бар. Қараша айында сексеннің сендіріп еңсеретін генерал-лейтенант Жеңісбек Мұхаметкәрімұлы ел тарихында елеулі орны бар көптен жасырылған оқиғаны бүгіп қалмай, енді бөлісудің де реті келгенін түйсінгендей...

– Рас, өткен ғасырдың белесінде қалған соңғы он жылдық еліміз үшін тағдыршешті тарихи кезең еді. Кеңес Одағы ыдырап, әлемді аузына қаратқан бұрынғы жүйе күйреп, жаңа дәуір есігін айқара ашқаны белгілі. Ел іші әбігерге түскен ала-шұбар заман. Бір кездері шылдырлаған қара бақырының өзі құнды болған кеңестік валюта сабан ақшаға айналып, күн сайын инфляция шарықтап, ақша біткен қап-қаппен тасылды. Қазақстан тәуелсіздігін алғанымен, әлі де «рубль» аймағында

жергілікті халықта ешқандай күмән де болмады.

Әуежайда бар болғаны оншақты адамнан құралған шағын жедел топ жұмыс істеді. Шықырлаған су жаңа теңгелер 40–45 келілік (кг) қара жәшіктерге салынды. Әрбір тасымалдау барысында жол бойында жасырын күзет орындары тұрды, тіпті мергендер де сайланып қойған. Себебі зәредей болса да бір арандатушылық немесе оқиға қылаң берсе, бүкіл мемлекет үшін орны толмас өкінішке айналуы мүмкін еді.

Айта кететін жағдай, тұңғыш төл валютамызды Қазақстанға әкелу үшін қазіргі Тараз шаһарының таңдалуы да тегін емес. Шағын қала әрі онда сенімді банк қоймасы бар болғандықтан, назардан тыс жұмыс жүргізуге ыңғайлы еді. Қаланың банкирлері де сенімді, жауапкершілігі мол азаматтар болатын. Әйткенмен ақша тасымалдау кезінде қызығушылық танытып, «Бұл не жәшіктер?» – деп сұраған жандар да кездесті. Бірақ олардың барлығы жедел және жасырын түрде тексеру барысында күдікті, «бөтен ойлы» адамдармен байланыстары анықталмады.

Сонымен, күзге салым тарихи сәт таяды. Президент Жарлығымен 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге айналымға енгізілді. Сол сәтте Тараз қаласына еліміздің түкпір-түкпірінен өкілдер ағылды. Әр облыстың жауапты уәкілдері арнайы күзетпен, қарулы қорғаушылармен бірге жаңа ақшаны алып кетіп жатты. Жақын аймақтар көлікпен келсе, алыстағылар пойызбен, ұшақпен жетті. Небәрі сегіз күнде тұңғыш теңгеміз бүкіл Қазақстан банктеріне таратылды. Осылайша, елімізге алғашқы теңгенің әкелінуі сәтті орындалған мемлекеттік миссия болып тарихтың ең құпия беттерінің бірі болып енді. Бұл – тәуелсіздіктің алғашқы қаржылық қадамы еді, – деген генерал ағамыз әңгімесін тәмамдағандай сөзін түйіндеді.

Қош дейік! Бұл әңгіменің төркіні тегін емес, ағамыздың сексеннің белесіндегі мерейтойы алдында паш етіліп отыр!

Көрнекті мемлекет қайраткері, елімізге белгілі тұлға Жеңісбек Мұхаметкәрімұлы Жұманбеков туралы бір ауыз қысқаша қайырсақ: кәсібінің майталманы, мемлекет мүддесін бәрінен биік қойған халқымыздың адал перзенті. Қауіп-қатерге толы қызметте жүрсе де, ешқашан өз даңқын көздеп, мадақ-мансапты құйттеген емес. Көзге көрінбейтін майдандағы Отан үшін атқа қонған үзеңгілес әріптестері оны табанды, мінезді, шешім қабылдауда сарабал, бірақ қарапайым болмысын айнымайтын асаңдал деп бағалайды. Қазақстан Республикасы ҰҚК төрағасы (1995–1997) қызметінен соң Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының директоры (ШЫҰ АТҚ, дипломатияда елші дәрежесі), «Даңқ ордені», бірнеше шетелдік марапат иегері, ҚР ҰҚК-нің генерал-лейтенанты Жеңісбек Мұхамедкәрімұлының өмір жолы – жас ұрпаққа ұлағатты өнеге. Қай жерде, қандай лауазымда жүрсе де, ел тәуелсіздігі мен ұлттық қауіпсіздікті басты

Тұңғыш төл валютамызды Қазақстанға әкелу үшін қазіргі Тараз шаһарының таңдалуы да тегін емес. Шағын қала әрі онда сенімді банк қоймасы бар болғандықтан, назардан тыс жұмыс жүргізуге ыңғайлы еді. Қаланың банкирлері де сенімді, жауапкершілігі мол азаматтар болатын. Әйткенмен ақша тасымалдау кезінде қызығушылық танытып, «Бұл не жәшіктер?» – деп сұраған жандар да кездесті. Бірақ олардың барлығы жедел және жасырын түрде тексеру барысында күдікті, «бөтен ойлы» адамдармен байланыстары анықталмады.



қалғысы бар. Бірақ бүкіл он бес одақты ұсыныста ұстаған орталықтың мұрагері – Ресей күтпеген жерден жаңа валютасын енгізіп, бізді ескі кеңестік рубльмен қалдырды. Қос көрші – Қырғызстан мен Өзбекстан да өз ақшасын дер кезінде шығарып үлгірген. Енді Қазақстанға шегінер жол жоқ, шапшаң шешім қабылдау қажет... Арнайы мамандар тұңғыш ұлттық валюта – теңгенің дизайнын жасап, ендігі жауапты қадам – жаңа купюраларды басып шығару болды. Ұлттық банктің сол кездегі төрағасы Ғалым Байназаров бастаған арнайы топ шұғыл Лондонға аттанып, шағын ағылшын компаниясымен келісім жасайды. Жас мемлекет үшін аса маңызды құпияның бірі саналатын бұл операцияны санаулы ғана адам білді.

1993 жылдың көктемінде бізге – сол кездегі Жамбыл облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің (КГБ) басқармасына Орталықтан аса маңызды тапсырма түсті. Жаңа ақшаны елге әкелу, сақтау және бүкіл өңірлерге тарату, қауіпсіздік шаралары басқарма бастығы ретінде маған жүктелді. Бұл дегеніңіз, міндетті түрде және мүлтіксіз «миссия орындалуы тиіс» операция еді. Осылайша сол кездегі Жамбыл қаласына кәрі құрлықтан басылып шығарылған теңге жасырын жеткізіле бастады. Ұшақтарда «Президент сарайына фурнитура әкелінуде» деген сөз «айналага» таратылды. Арнайы жалға алынған әуе кемелері түн жарымында қонып жатты. Жиырма рейс шамасындағы ұшақтарды арнайы көліктермен қарсы алдық. Ал қала тұрғындарына «лотерея билеттері мен ескі облигациялар тасылып жатыр» деп бүркемеледік. Әдейілеп таратылған қауесетке сенген

мұрат тұтты. Оның бастамасымен бірқатар құпия операциялардың табысты жүзеге асқаны бүгінде санаулы адамдарға ғана мәлім. Бірақ сондай көпшіліктен көмескіленген ерліктердің арқасында Қазақстан алғашқы қиын кезеңінен сүрінбей өткеніне тарих төреші.

Ал енді кейіпкеріміздің кәсіби хәм адами қасиеттерін әлдеқайда тереңірек танауға құштар жасампаз жандарға құлаққағыс. Мерейлі мерейтой қарсаңында қызметтес әріптестері мен жақын жолдастарының, ұлттық қауіпсіздік ардагерлерінің естеліктері қамтылған еңбек жарық көрмек. Бұл кітапта Жеңісбек ағамыздың өмір жолының көпке белгісіз көптеген қырлары жан-жақты сипатталмақ. Бұрын беймәлім болған тұстарын танытатын мол деректік материал қамтылған.

Жеңісбек ағамыздың әңгімесі арқылы біз өткеннің бағасын, болашақтың қадірін түсінеміз. Өзгеге сыр бермес арамыздағы сұңғыла жанның құмыры мен парасаты, батылдығы мен сабыры – ұлт үшін шынайы қызмет үлгісі.

Ардақты ағамызға айтарымыз көп, әйтсе де сөзімізді жүрекжарды лебізімізбен түйіндейік: «Жасыңызға жас қосылып, елге сіңірген еңбегіңіздің шаралатын көре беріңіз! Ұрпақтың алғысы мен елдің құрметі – ең үлкен марапат. Халқымызға рух беретін Сіздей ағаларымыз аман жүрсе – тәуелсіздіктің туы мәңгі желбірей бермек!»

**Исатай САРТАЕВ,
ҚР ҰҚК «Сыртқы барлау»
зейнеткерлер ұйымының төрағасы**

САНДЫҚ ЖҮЙЕ

2014 жылы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты өзінің (www.sud.kz) ресми сайтында онлайн сервистерге және сот органдарының қызмет көрсетулеріне қолжетімділіктің жалғыз терезесі саналатын «Сот кабинеті» электрондық жобасын іске қосты.

«СОТ КАБИНЕТІ» АҚПАРАТТЫҚ СЕРВИСІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАРЫ

«Сот кабинеті» сервисі – қағазсыз электрондық құжат айналымы. Оның ерекшелігі электрондық нысанда талап қоюлар, сот хаттамасын беру туралы арызды, хаттамаға ескерту-арызды беруге, берілген талап бойынша қосымша құжаттар жіберуге электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электрондық қадағалау іс жүргізуіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ пайдаланушыға ыңғайлы кез келген орындағы интернет желісі арқылы мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге берілген мүмкіндік болып табылады және осы жүйемен берілген барлық талаптар бойынша талап қоюшы оның сот өндірісіндегі қозғалысын көріп, біліп отыру мүмкіндігі бар.



«Сот кабинеті» ақпараттық сервисі онлайн-сервистерге және сот органдарының қызметіне қол жеткізудің бірыңғай терезесі, сот жүйесінің органдары мен халықтың өзара әрекеттестігі бойынша оң нәтижесін беруде. Сотқа арыздарды, өтінішхаттарды, талап қоюды беру механизмін жеңілдетуге, азаматтардың уақытын үнемдеуге, сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігіне, сонымен бірге сот іс жүргізуін электрондық цифрлық қолтаңба арқылы электрондық әрекеттесу бойынша жеңілдетуге бағытталған.

«Сот ісін жүргізу» қызмет көрсетуі азаматтық, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік сот ісін жүргізу құқығы салалары бойынша бөліктерді

қамтыған, ол тәжірибесі жоқ пайдаланушыға заңдық кеңес алмай-ақ сервисі пайдалану мүмкіндігін ұсынады. Құқықтың әрбір саласында тиісті электрондық қызмет көрсетулер бар.

«Менің істерім» деген бөлімде пайдаланушы жіберген электрондық арыздар туралы ақпаратты қарау және істі қарау барысының мүмкіндігі жеңілдетілген. Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін енді бірінші, апелляциялық және кассациялық сатылардағы ақпаратты қарау және істі қарау барысы бір жерде іске асырылған, пайдаланушы тиісті сілтемені баса отырып, барлық сатыдағы өз ісінің қозғалысының тұтас процесін қарай алады.

Қазақстан Республикасының сот жүйесіне заманауи электрондық технологияларды енгізу халықтың сот төрелігіне қолжетімділік деңгейін елеулі түрде көтеруге мүмкіндік берді.

«Сот кабинеті» сервисі біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, ол өз кезегінде соттарда электрондық сот ісін жүргізудің жаңа сатысына көшуге мүмкіндік береді.

**Аян АЛТЫНБАЕВ,
Қызылорда облысы
Жалағаш аудандық
сотының әкімші басшысы**

ПІКІР

ӘДІЛ ШЕШІМ – СЕНІМНІҢ БАСТАУЫ

Қоғамның өркендеуі мен тұрақтылығы ең алдымен заңның үстемдігіне және сот жүйесінің әділдігіне байланысты. Әділ сот – мемлекеттің негізін ұстап тұрған тіректердің бірі. Ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғап қана қоймай, қоғамда сенім мен тұрақтылықты қалыптастырады.

Сот жүйесінің басты міндеті – заңды әділ қолдану арқылы әрбір адамның құқығын қорғау. Әділ шешім – мемлекеттің әділеттілігін көрсететін айна іспетті. Егер соттың шешімдері әділ әрі ашық болса, халықтың мемлекетке деген сенімі арта түседі. Ал сенім бар жерде тұрақтылық пен даму болады.

Соңғы жылдары елімізде сот жүйесін жаңғырту бағытында көптеген реформалар жүзеге асуда. Сот процесстерін цифрландыру, электронды сот ісін жүргізу, онлайн форматта істерді қарау – осының барлығы сот төрелігінің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Азаматтар өз істерінің барысын «Сот кабинеті» электрондық сервисі арқылы бақылай алады, бұл ашықтық пен жеделдіктің көрінісі.

Сонымен қатар, судьялар корпусының кәсіби біліктілігін арттыруға ерекше назар аударылып отыр. Судья – тек заңның өкілі ғана емес, ол әділдіктің символы. Оның шешімі адам тағдырына, қоғам тағдырына әсер етеді. Сондықтан судьяның адалдығы, бейтараптығы мен жауапкершілігі – сот төрелігінің ең басты кепілі.

Сот қызметкерлері үшін халықтың сеніміне ие болу – ең биік мәртебе. Әділдік пен адамгершілік – сот жүйесінің рухани негізі.

Сотқа жүгінген әр азамат өз мәселесінің әділ қаралатынына сенуі тиіс. Бұл сенімді сақтау – біздің басты парызымыз. Сондай-ақ, сот саласында қоғаммен байланыс пен құқықтық түсіндіру жұмыстары да маңызды орын алады. Халыққа заң нормаларын түсіндіру, құқықтық мәдениетті арттыру – құқықтық мемлекет қалыптастырудың басты жолы.

Әділ сот – қоғамдағы тұрақтылық пен бейбітшіліктің кепілі. Ол заң алдындағы теңдік қағидасын жүзеге асырып, әр азаматтың ар-намысын қорғауға бағытталған. Әділ шешім шыққан жерде реніш те, күмән да болмайды.

Бүгінгі сот жүйесі заман талабына сай өзгеріп, жаңа технологиялар мен жаңашылдықтарды тиімді енгізуде. Бірақ ең бастысы – адамға деген құрмет, әділдік пен адалдық қағидасы ешқашан өзгермеуі керек. Себебі соттың әділ шешімі – мемлекеттің абыройы, ал әділдік – халық сенімінің бастауы.

Сот жүйесінің беделін арттыру, оның тәуелсіздігін нығайту және әділетті қоғам құру – баршамыздың ортақ борышымыз.

**Зарина ТУЛЕУ,
Атырау қаласының әкімшілік
құқық бұзушылықтар
жөніндегі мамандандырылған
сотының әкімшісінің
жетекші маманы**

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРДІҢ РЕСМИ АТАУЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал 1992 жылы маусымнан 1996 жылдың желтоқсанына дейін оған раушан гүлдің ою-өрнек түрі, 1996 жылдың желтоқсанынан кейін қошқар мүйіз оюы енгізілді.

Сол сияқты Мемлекеттік Елтаңбаның ұлттық стандарттары бірнеше кезеңнен өтті. Оның біріншісі 1992–2008 жылдары, екіншісі 2008–2016 жылдары, үшіншісі 2016–2018 жылдары, төртіншісі 2018 жылдан кейінгі кезеңде болды. Ал 1992–2006 жылдардағы Мемлекеттік Гимннің авторы – Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский, Латиф Хамиди, ал сөзін жазған – Мұзафар Әлімбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі, Жадыра Дәрібаева болған еді. 2006 жылдан кейінгі Мемлекеттік Гимннің әнінің авторы Шәмші Қалдаяқов болса, сөзін жазғандар – Жүмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаев.

Геральдикалық зерттеулер орталығының Ведомстволық және өзге де наградаларды сараптау бөлімінің бас маманы Сұлтан Оразаевтың сөзіне қарағанда, мемлекеттік рәміздерді пайдаланудың өз тәртібі бар. Сондай-ақ оны бұзуға қатысты заңнамаларда бірқатар жауапкершілік қарастырылған. Мәселен, Қылмыстық кодекстің 372-бабы Мемлекеттік рәміздерді қорлау деп аталады.



Яғни, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қорлағандар – үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не тоғыз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмысқа тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланды.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 458-бабы Мемлекеттік Ту, Елтаңба, Гимнді пайдалану және орындау тәртібін бұзу деп аталады. 1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбаны және олардың бейнелерін заңсыз пайдалану, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын бұза отырып пайда-

лану және орындау – елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 2. Мемлекеттік рәміздерді пайдалану міндетті болып табылатын жағдайларда оларды пайдаланбау – лауазымды адамдарға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ал 418-бап Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны қою ұлттық стандарттарын бұзумен байланысты. 1. Ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келмейтін Мемлекеттік Ту мен Мемлекеттік Елтаңбаны дайындау – жеке тұлғаларға – жиырма бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіп-

керлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс бес, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Мемлекеттік Туды және Елтаңбаны Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандар туралы заңнамасын бұза отырып пайдалану (орнату, орналастыру) – ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне отыз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. 2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) үшін – жеке тұлғаларға елу, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТҮЙТКІЛ


ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТЫҚ АЗАЙМАЙ ТҰР

Мемлекет басшысы былтырғы жолдауында: «Цифрлық технологиялардың күнделікті өмірімізге жаппай енуі түрлі алаяқтардың көбеюіне әкеп соқтыруда. Оған бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан, қазір қаржы және экономика негіздерін білу, қарапайым цифрлық дағдыларды меңгеру аса маңызды» деді. Сондай-ақ құзырлы органдар заңға бағынатын жұртқа зардабын тигізіп жатқан алаяқтыққа және сол сияқты басқа да заңсыз әрекеттерге қарсы бағытталған шаралар қабылдауға тиіс екенін ескертті.

Соның нәтижесінде 2024 жылдың 1 қарашасында ҚР Ішкі істер министрлігінде Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл департаменті құрылып, облыстық аумақтарда желтоқсан айында тергеу желісі бойынша бөлім және бөлімшесі құрылса, жедел уәкіл саласында биыл қаңтар айында Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы құрылған болатын.

«2025 жыл ҚР Ішкі істер министрлігінде «Профилактика жылы» деп белгіленген болатын. Полиция халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында тұрақты түрде профилактикалық жұмыстарды іске асыруда. Сақтық шаралары туралы арнайы дайындалған аудиожазбалар қоғамдық орындарда, сауда орталықтарында, супермаркеттерде, қоғамдық көліктерде, базарларда және қызметтік көліктердің дауыс зорайтқыштары арқылы айтылады. Қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында осы желіге тағайындалған тергеу және жедел-іздеу қызметкерлерін оқыту және олардың жұмысының нәтижелеріне тұрақты негізде талдау жүргізілуде. Интернет-алаяқтық қылмысы көп жағдайда қоңырау шалу арқылы жасалатындығын ескеріп, бөтен адамдардан түскен әрбір қоңырауды өзін таныстырған мекемеге тікелей хабарласу арқылы немесе полицияға құрылған «Cyberpol» тобына 99-66-07 байланыс нөміріне хабарласып тексеру сұралады.

Бүгінгі таңға интернет-алаяқтық қылмысымен күресу бағытында құрылған «Cyberpol» тобымен бірқатар жұмыс атқарылды. Оң көрсеткіштерге қарамастан бұл бағытта атқарылатын жұмыс әлі көп. Сондықтан қазіргі заманғы дертіне айналып бара жатқан интернет-алаяқтық қылмысымен құқық қорғау органдарын және халық болып бірлесіп күресуге шақырамын», – дейді Жамбыл облысы Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Валихан Ағыбаев.



В.Самбетұлының айтуынша, интернет алаяқтық дерегінің тіркелуі республиканың барлық өңірінде азаймай тұр. Мәселен, 10 айдың қорытындысы бойынша Жамбыл өңірінде интернет алаяқтықтың ашылуы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23,4-тен 48,1 пайызға, ал ауыр санаты бойынша 30,2-ден 68 пайызға өскенімен, интернет алаяқтық дерегінің тіркелуі 213-тен 644-ке, ал, ауыр санаттағы интернет алаяқтық дерегі 71-ден 279-ға өсіп отыр.

Жамбыл облысы Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының сөзіне қарағанда, прокуратурамен интернет-алаяқтықты жасау тәсілдері ескеріліп, онымен күресуге оң әсерін тигізе алатын «CyberShekteuTagaz» телеграмм-боты әзірленген. Қазіргі таңда бұл бот арқылы 500-ге жуық интернеттегі қатерлі сілтемелер, алаяқтардың ұялы телефон нөмірлері, әлеуметтік желілер мен маркетплейстардағы жалған мәліметтерді бұғаттау шаралары жүргізілуде. Ұлттық банк «Антифрод-орталығына» күмән тудыратын 4115 банктік есепшот енгізіліп, оның 2242-сі бұғатталып, қалғаны әлі де қаралуда. Сондай-ақ телефонды қолданып жасалатын алаяқтық қылмыстарының да өршіп тұрғандығын ескеріп, Қазақтелеком және байланыс

операторларымен «Сим-бокс» құралдарын анықтау шаралары жүргізілуде. Соның нәтижесінде қылмыскерлерге әртүрлі нөмірлерден қашықтан байланысу мүмкіндігін беретін 128 слоттық «СИМ-бокс» Тараз қаласы аумағынан анықталып, күдікті қамаққа алынып, оған қатысты тергеу жүргізілуде.

«Қазір интернет-алаяқтарға қылмыс жасауға көмектескен, яғни қаражаттарды есеп-шоттардан шешіп берген немесе біреулерге өз есеп-шоттарын пайдалануға берген азаматтардың (дропперлер) жауаптылығы күшейтілуде. 16 қыркүйектен бастап Қылмыстық кодекске 232-1-бап енгізілді. Бұл жерде банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және алу, сондай-ақ төлемдерді және ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру бойынша жауапкершілік қарастырылған. Іс-әрекеттің ауырлығына, сипатына және алынған пайда мөлшеріне қарай 232-1-бап мүлкі тәркілей отырып 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады.

Осы арада ескерте кететін бір жәйт бар. Бұл бапта көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты алғаш рет жасаған, ол туралы өз еркімен мәлімдеген, сондай-ақ осы құқық бұзушылықты ашуға немесе оның жолын кесуге белсенді түрде ықпал еткен адам, егер оның әрекеттерінде өзге қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамы болмаса, қылмыстық жауаптылықтан босатылады», – дейді В.Ағыбаев.

Жамбыл облысы Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының сөзіне қарағанда, 30 қыркүйектен бастап Қазақстан Республикасында тұтынушылық кепілсіз онлайн-қарыздар беру кезінде міндетті «салқымдату» кезеңі енгізілді. Мұның негізгі мақсаты – қарыз алушыға шешім қабылдауға уақыт беру арқылы қарыз шартын асығыс жасау немесе алаяқтық схемаларға тарту ықтималдығын азайту. Бұл орайда тұрғындар өз есепшоттарын өзге азаматтарға қолдануға бермеуге және бөтеннің сұрауы бойынша есеп шоттардан қаражат шешпеуі тиіс.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ҰСЫНЫС

«Жаңа Қазақстан» боламыз, жаңарамыз деп жар салып жатырмыз. Шынымен өзгергіміз келсе, онда міндетті түрде өзгерісті Әнұраннан бастау керек. Өйткені ел болып жырлайтын бірден-бір әніміз – Әнұран. Егемендік алғаннан кейін біз рәміздерді өзгерттік. Яғни, Туымызды, Елтаңбамызды және Әнұранның сөзін ішінара өзгертіп, қайырмасын сол күйінде қалдыдық. Әнұран елдегі басты рәміздердің бірі әрі бірегейі.

ӘНҰРАНЫҢ СӨЗІ МАҚСАТЫНА САЙ ЕМЕС



Небары 21 жасында Жүмекен Нәжімеденов бұл өлеңді 1956 жылы 7 қарашада Шәмші Қалдаяқовпен бас қосқанда атүсті жазып тастаған екен. Дегенмен артынан алаңдау, жалтақтау, үрей көп болған, өйткені алдыңғы буын ағаларының тағдырын көріп-біліп отыр. Оның үстіне ол кісі шығармасының әнұранға айналатынын да білмеді. Осы өлеңнің өзіне Кеңес үкіметі көз алартып қарап, «басқаша өзгертіңдер, партияны, жеті жылдық жоспарды қосыңдар» деп шүйліккені белгілі. Әр сөзді, үтір, нүктесіне дейін аңдып отырғанда басқаша жазу да мүмкін емес еді. Өлеңнің өзі сол кездің хиті болғаны анық. Жүмекен ақын айта алмаған сөзді қазір біз айта аламыз.

Дәл қазір біздің елге басқа, жаңа толқындағы әнұран керек. Жастарымызды ұйқысынан ұятатын, нағыз қыран қанатты, жолбарыс жүректі, арыстандай айбатты болуға үндейтін ұран керек. Бұл әнұран өлемдегі бар қазақтың басын қоса алатын әнұран болғаны жөн. Қазіргі әнұранның қайырмасында біздің ұстанымымызға келмейтін тұстар бар. Оған кінәлі әрине – Кеңес өкіметі.

Менің елім, менің елім,
Гүлің болып егілемін,
Жырың болып төгілемін, елім,
Туған жерім менің – Қазақстаным!

Ел қорғаны – ер қолдары екені анық. Енді сол ерлеріміз елдің гүлі болып, жыры болып жүргені қисынға келмейді. Оның үстіне қазір «Туған жерім менің – Қазақстаным!» деу арқылы қазақтарды екі топқа бөліп тастап отырмыз. Мәселен Қазақстанда тұмаған қаншама қазақ бар. Ғаламторға сенсек қазір 4 миллионнан астам қазақ шет елде тұрады және де 1, 5 миллион көшіп келген қандас бар. Яғни бұлардың бәрінің де Отаны Қазақстан болғанымен, туған жері Қазақстан емес. Әрбір қазақтың туған жері – жер шарының әрбір нүктесі болуы әбден мүмкін, ал бірақ атамекені, әрі жүректегі Отаны ол – әр қазақ үшін жалғыз ғана Қазақстан екені даусыз. Оның қайда туғаны да маңызды емес. «Атамекен» сөзі бар қазақтың басын біріктіріп, қосып тұрғаны шындық. Және де осы «Атамекен» сөзі әнұранымызда орын алмауының өзі, әнұранды қайта жазу керектігін айқайлап айтып тұрғандай. Осылай айтсақ ешкімнің де өкпесі болмайды. Өзі азғантай қазақты бөліп-жарсақ не болғаны. Бұлардың ата жұртын ұмыттырып жат бауыр болғанын қалау дұрыс па? Оларға «Сенің туған жерің Қазақстан емес қой, онда елұранды айтуға да қақың жоқ дегендей болмаймыз ба?». Ел басына күн туса, біз бірінші қазақтарды іздейтіміз шындық. Егер олар бұл әнұранды бізбен бірге қуана өз ерік-жігерімен ынталана қосылып айтып жүрген болса, онда ынтымағымыздың ыдырамағаны. Жаңа әнұранның сөзі де «мені айт» деп, айқайлап тұрса, айтқанда, адам шабыт алып қанаттанатындай күш, жігер беретіндей болуы керек. Қайда жүрсе де шет ел қазақтарының елмен арадағы күре тамыры үзілмеуі керек, елмен бірге екенін осы әнұранымызды айту арқылы сезінуі керек.

Шет ел қазақтары неге Қазақстанға келіп жатыр? Неге басқа елге бармайды? Неге? Өйткені олардың атамекені – Қазақстан, яғни түп аталарының тұрған жері – Қазақстан. «Менің атамекенім бар» деген ой мида болса, жүректі жылытып тұратыны анық. Сонда атамекенін қорғауға бар қазақтың ұмтыларына сөз жоқ. Болмаса «Туған жерім менің – Қазақстаным» – деп, осы елде туылып ертең «қайдасың өз Отаным» деп тартып отыратын, тек туған жер ретінде еске алатын көп көк аттының бәрі де осылай айта алады. «Атамекенім менің» деген сөздің қаншалықты керек екенін осыдан-ақ ұғуға болады.

Сондықтан ақындығымызға конкурс жариялап, басқа әнұран жазуымыз керек. Қазір әнұранның әуені сол күйінде қалғанын бар қазақстандықтар қолдайды деп сенемін. Тек сөзінің тереңдігіне, мағынасына, мәніне көңіл бөлетін кез келді.
Әсет ҚУАНЫШБЕКОВ

ҚОҒАМ ДЕРТІ

Қазіргі уақытта адамзатқа төнген ең үлкен індеттің бірі – есірткі. Ғасыр індетіне біздің азаматтардың да әуестенетіні өкінішті. Елімізде есірткіге тәуелділер қатары артып тұр, солардың дені жастар екені тіпті қабырға қайыстырады. Тәуелділік бар жерде оның саудасының да орын алатыны айқын. Қазір жастар арасында синтетикалық есірткі пайдаланатындар көп. Сонымен қатар, есірткінің түрі де жетерлік, ең қиыны жаңа буынды осы кесепаттан сақтай алмай отырғанымыз.

Есірткі қылмысының жастар арасында өрбуіне әлеуметтік желілердің әсері үлкен. Әртүрлі сайттардың заңсыз жұмысына тоқтау жеткіліксіз боп тұр. Өйткені, осы сайттар арқылы жастар есірткі заттарын заңсыз иемденіп, сақтап, тасымалдап және оны өткізу фактілері азаймай тұрғаны байқалады.

Көптеген жастар әлеуметтік желідегі әртүрлі сайттар арқылы жұмысқа орналасып, жеңіл және оңай жолмен ақша таппақшы болып, есірткі саудасымен қылмыстарға барады. Алайда, осындай қылмыстық әрекеттердің нәтижесінде еліміздің көптеген жастары теміртордың арғы жағына түсіп, болашақтарына балта шабуға, олардың көпшілігі мектепті кеше ғана аяқтап, өмір жолын енді бастағандар. Осы қылмыс төңірегінде ұсталған көптеген жастар ұзақ жылдарға жаза арқалауда. Соңғы жылдары есірткіге қарсы заңға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, яғни мемлекетіміз қателескен азаматтарға заң тұрғысынан үлкен мүмкіншілік жасауда.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының негізінен көпшілігі ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабының 3-бөлігінде қарастырылған қылмыстық істер қаралады. Бұл бапта жаза 10 жылдан 15 жылға дейін. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттардың, сол тектестердің, прекурсорлардың және күшті әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 2 қаңтардағы ҚР заңына сәйкес ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігінде көзделген жаза 7 жылдан 12 жылға дейін төмендетілді.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2023 жылы 32 адамға қатысты 26 қылмыстық іс қаралған, 2024 жылы 25 адамға қатысты 19 қылмыстық іс қаралған, ал 2025 жылдың 10 айында 14 адамға қатысты 10 қылмыстық іс қаралған.

Есірткіге байланысты қылмыстық істерді зерделеу барысында сотталушылар өздері есірткіге тәуелді болмаса да, негізінен пайда табу мақсатында аса ірі мөлшердегі есірткі заттарын иемденіп, сақтап, тасымалдап және өткізетіндері анық көрінеді, бұндай мысалдар өте көп.

Мәселен, деректерге назар салсақ, Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен К. есімді азаматшаға ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігінің 1), 3), 5) тармақтарымен 10 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Қылмыстық істің мән-жайына келсек, К. есімді азаматша өзінің ұялы телефоны арқылы «Telegram» қосымшасында «Maks» аккаунт қолданушысымен, яғни адамдар тобының алдын ала сөз байласуымен, электрондық ақпараттық ресурстарды пайдаланып, аса ірі мөлшердегі жалпы салмағы 495 грамм болатын психотроптық заттарды заңсыз иемденген, сақтаған және осы психотроптық заттарды қаланың әр жеріне тығып жасыру әдісімен заңсыз өткізген. Психотроптық заттарды өткізбес бұрын пәтерінде 1 грамнан бөліп, бірнеше дана етіп жасаған.

Бұл жерде ерекше тоқтала-

тын жағдай, сотталған әйел, өзі есірткіні тұтынбайды, жас балалары бар, оның үстіне оның жүкті екені анықталды. Қылмыс жасап ұсталғанға дейін осы есірткіні өткізумен пайда тауып, жұмысы үшін алған үлкен соммадағы қаражатты өзінің қажеттілігіне жұмсап келген.

Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған

иемденген, сақтаған және осы психотроптық заттарды тығып жасыру әдісімен заңсыз өткізген.

Сотталған С. жасы кәмелетке толмаған, жұмыс жасамайды, есірткіні пайдаланбайды, бірақ ол да осы есірткі затын өткізумен пайда тапқан.

Сонымен қатар, психотроптық заттарды өткізу мақсатында заңсыз

ЖАС ӨМІРІҢЕ БАЛТА ШАППА!



Көптеген жастар әлеуметтік желідегі әртүрлі сайттар арқылы жұмысқа орналасып, жеңіл және оңай жолмен ақша таппақшы болып, есірткі саудасымен қылмыстарға барады. Алайда, осындай қылмыстық әрекеттердің нәтижесінде еліміздің көптеген жастары теміртордың арғы жағына түсіп, болашақтарына балта шабуға, олардың көпшілігі мектепті кеше ғана аяқтап, өмір жолын енді бастағандар.

ауданаралық сотының үкімімен кәмелетке толмаған С. есімді азаматқа да ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігінің 1), 3), 5) тармақтарымен 6 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Кәмелетке толмаған С. есімді азамат өзінің ұялы телефоны арқылы «Telegram» қосымшасында «Maks» аккаунты арқылы аса ірі мөлшердегі жалпы салмағы 7,57 грамм болатын психотроптық заттарды заңсыз

дайындаған және сақтаған фактілер де кездеседі.

Ақтөбе облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының үкімімен Ф. есімді азаматқа да ҚК-нің 297-бабының 3-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен, 297-1-бабының 3-бөлігінің 1), 3) тармақтарымен, 58-баптың негізінде 11 жылға бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Сотталған Ф. әлеуметтік желі арқылы психотроптық затты дайындағаны үшін сыйақы алатындығын біліп, жұмыс ережелерімен толығымен танысып, нұсқау алған. Психотроптық заттарды дайындау үшін арнайы үй сатып алған, оны жабдықтаған, құрылғыларды, қажетті заттарды алған, сол үйдің ішінде психотроптық затты дайындаған. Кейін дайын болған пси-

хотроптық заттарды құтыларға құйып өткізу үшін сақтаған, яғни бұл аса ірі көлемде есірткіні дайындап, сауда жасап, онымен жүйелі түрде айналысқанының нақты көрінісі болып келеді.

Өз кезегінде сотталған Ф. жеке басына тоқталсақ, ол жас жігіт, еш жерде жұмыс жасамайды, бұрын сотталмаған, есірткіні пайдаланбайды. Дегенмен осы есірткі затын дайындаумен және өткізумен пайда тауып келген.

Жоғарыда келтірілген қылмыстық істердің және зерделенген басқа қылмыстық істердің мән-жайынан анықталғаны сотталғандар есірткімен байланысты қылмысқа саналы түрде баратыны байқалады. Себебі сотталғандардың басым бөлігі өздерінің ұялы телефондары арқылы әлеуметтік желіден есірткі саудасымен байланысты жұмыстарды атқарады. Есірткі сатумен айналысатын сайттардағы әкімшілерге жеке басына қатысты немесе басқа да құжаттарын беріп, арнайы тәжірибеден өтеді, яғни есірткі заттарын қалай алу, жасыру, өткізу және жасаған жұмыстары бойынша ақысын қалай алуын үйренеді.

Есірткі қылмысы негізінен әлеуметтік желідегі әртүрлі сайттар арқылы жасалатындықтан құқық қорғау органдары осындай сайттарды жою, бұғаттау, жабу сияқты іс-әрекеттерді күшейтіп, үнемі қадағалап, қатаң шараларға бару қажет, өйткені есірткі өндірісі, саудасы азаймай тұр. Қазіргі уақытта мектепте, орта, жоғары оқу орнында білім алып, әртүрлі салада жұмыс жасап жүрген жастардың санынан, ақылынан адастыратын есірткімен әуестенбегені абзал.

Білім беру орындарында, жастар бас қосатын алаңдарда есірткінің зардабы қаншалықты орасан екенін әрдайым айтып, жеткізіп отыру қажет. Сондықтан ата-ана және қоғам болып бірлесіп, осы ғасыр дертіне айналған есірткіге қарсы тұрғанда ғана белгілі бір жетістікке жетуге болады.

А.САБИРОВ,
Ақтөбе облысы
қылмыстық істер жөніндегі
ауданаралық сотының
төрағасы

КӨКЖИЕК

ТАЛАПТЫҒА НҮР ЖАУАР

«Жас келсе іске» деген мәтелдің өзектілігі ешқашан жойылмайтыны анық. Мемлекеттік аппарат күн сайын жастармен толыққан сайын жұмыстың жүйелі, креативті, нәтижелі болатынын көресіз. Жастар жаңа леп, жаңа көзқарас, жаңа мүмкіндіктерге себепкер. Соңғы жылдары Павлодар облыстық соты да осындай жастармен өз қатарын толықтырып, сапалы жұмыс, өнімді нәтиже көрсетуде. Алдыңғы аға буынның ақыл-кеңес, бағыт-бағдары мен жастардың жаңашыл, бастамашыл идеясы, мүмкіндігі астасып, бүгінде облыстық сот жүйесінде әдемі үйлесім тапқан.

Мәселен, 29 жастағы Сұлтан Сулаймановтың мемлекеттік қызметке түскен таңдауы оның өмірлік ұстанымы мен жолының айқындалуына себепкер болды. Қазір жас маман Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі Павлодар облысы бойынша департаменті ұйымдастыру-талдау бөлімінде жұмыс істейді. Екі жыл бұрынғы жас маман бүгін бас маман. Екі жыл ол аға буын салған сүрлеуден, үлкен тәжірибелік мектептен өтті.

Сұлтан сот жүйесіне жеке сектордан келді: ол бұрын жеке сот орындаушысының көмекшісі болып жұмыс істеген. Бұл тәжірибе оған құқық қолдану жұмысының міндеттерін жақсы түсінуге көмектесті, бірақ оның айтуынша, мемлекеттік қызмет кәсіби өсу мен дамудың нақты мүмкіндігі болды.

Қызметтің басында аға әріптестердің тәлімгерлігі Сұлтанға департамент жұмысының негізгі ерекшелігін түсінуге көмектесті, оның негізгі мақсаты сот жүйесінің қызметін және сот төрелігін сапалы іс-



ке асыруды қамтамасыз ету. Сот корпусындағы бұл белес жас маманды жаңаша шыңдады, оның талдау, сараптау, зерделеу секілді нағыз құқық қорғаушыға тән қабілетін ашты. Сот төрелігінің сапалы іске асуы тынымсыз ізденісті қажет ететінін, заң, құқық төңірегіндегі жауапкершіліктің жоғары екенін ұқтырды.

Қысқа мерзім ішінде ол осы жауапкершілік пен артылған жүктің салмағын екішеді. Тәжірибе, ізденіс, жауапкершілік бағытында өзін дамытып жетілдіру арқылы аз уақытта өзінің әр іске жауапты, тиянақты екенін, сот саласында сенімді, білікті маман, сапалы қызметкер ретінде көрсетті. Оның бұл еңбегі елеусіз қалмады. Департамент басшылығының атынан алғыс хатпен марапатталды.

Кішіпейіл, ұстамды және жауапты маман болашақта да осы бағытта өзін дамытып, биік белестерді бағындыруды мақсат тұтады. Өз саласының білгірі болу, Отанға адал қызмет ету, жұмысын адал, нәтижелі орындау, жауапты міндетте биік межеге жету Сұлтан үшін маңызды миссия. Білікті маманның бүгінгі ұмтылысына қарап «талаптыға нұр жауар!» дейміз! Іске сәт!

Агидель ИБРАЕВА,
Павлодар облыстық сотында
баспасөз қызметінің басшысы

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАТЫНАСТАРЫ

ҚР 2025 жылғы 15 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, кәсіпкерлік және экспорттық-кредиттік агенттік қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы» аясында «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға өзгерістер енгізілді.

ҚАЖЕТСІЗ ДАУЛАРДЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Солардың бірқатарына тоқталсақ дейміз. Мәселен, бірқатар мәселелер жаңа редакцияда жазылды, кейбір жайттар алынып тасталды. Мысалы, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға қатысты 32-бап алынып тасталды.

34-бап жаңа редакцияда, атап айтқанда 5-тармақта баяндалған, онда тұрғын емес үй-жайлардың иелері жиналыс белгілеген ағымдағы жарналарды пәтер иелері үшін белгіленген ағымдағы жарналардың мөлшерінен аспайтын мөлшерде екі еседен артық төлеуге міндетті.

Пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, тұрақ орнының, қойманың меншік иесі жалға алушы туралы ақпарат бере отырып, өзіне тиесілі пәтерді, тұрғын емес үй-жайды, тұрақ орнын, қойманы мүлкікті жалдауға беру туралы осы төрағасын немесе кондоминиум басқармасының субъектісін хабардар етуге міндетті. Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың иелері коммуналдық қызметтер көрсететін ұйымдармен пәтерлерде, тұрғын емес үй-жайларда коммуналдық қызметтер көрсету туралы шарттарды дербес жасасуға міндетті.

Пәтер иесінің өзге мекенжай бойынша тұруы, сондай-ақ пәтерді, тұрғын емес үй-жайды, тұрақ орнын, қойманы мүлкікті жалдауға беру пәтер иесінің, тұрғын емес үй-жайдың, тұрақ орнының, қойманың құқықтарын шектемейді және оны Қазақстан заңдарында, мүлік иелері бірлестігінің жарғысында, жиналыс пен кеңестің шешімінде

айқындалған міндеттерден босатпайды.

Пәтердің, тұрғын емес үй-жайдың, тұрақ орнының, қойманың ағымдағы, жинақтаушы, нысаналы жарналарды және тұрақ орындарын, қоймаларды күтіп-ұстауға арналған ағымдағы жарналарды төлейтін әрбір меншік иесінің ағымдағы және жинақ шоттарының жай-күйі туралы ақпарат алуға құқығы бар.

Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың, тұрақ орындарының, қоймалардың меншік иелері мүлкікті шектеулі пайдалануға беру туралы мүлкікті жалдау шартында белгіленген талаптарда оларға бекітілген шектеулі пайдаланудағы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкінің бөліктерін пайдалануға құқылы.

Бұл ретте жалдау ақысы меншік иелері бірлестігінің ағымдағы шотына немесе кондоминиум объектісін басқару нысанын пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері тікелей бірлескен басқару түрінде таңдаған кезде кондоминиум объектісін басқару субъектісінің шотына есептеледі.

Заң ағымдағы, жинақтаушы және нысаналы жарналарды төлеу міндетіне және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуді қаржыландыру ерекшеліктеріне қатысты 34-1 және 34-2-баптармен толықтырылды.

Пәтерді жалдаушының, тұрғын емес үй-жайды, тұрақ орнын, қойманы жалға алушының міндетіне қатысты 36-бап жаңа редакцияда



Т. ДРЕМЛЮХ,
Риддер қалалық сотының
судьясы

баяндалған. Өзгерістер кондоминиум объектісін басқаруды реттейтін нормаларға әсер етті.

Кондоминиум объектісін басқару нысандары нақтыланды және өзгертілді, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқару субъектісінің жаңа тұжырымдамасы енгізілді:

1. Меншік иелері әр көппәтерлі тұрғын үй иелерінің көпшілігінің келісімімен бір осы жасайды.

2. Тұрғын емес үй-жайлардың пәтерлерінің саны отыз алтыдан аз болатын меншік иелерін тікелей бірлесіп басқару. Екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы және жинақ шоттарын ашпай және кондоминиум объектісін басқару субъектісін тартпай жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер пәтерлер саны 36-дан асатын болса, онда меншік иелері жиналыс хаттамасы негізінде кондоминиум объектісін басқару субъектісін тартуға міндетті.

«Тұрғын үй қатынастары туралы» заң-бұл әр адам түсінуі керек заң. Бұл қажетсіз даулар мен қақтығыстарды болдырмауға көмектеседі.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ГОНКОНГ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ

«Бір белдеу, бір жол» бастамасы аясында Гонконгтың Invest Hong Kong үкіметтік агенттігінің инвестициялар тарту жөніндегі директоры Альфа Лау Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанға келіп қайтты. Бұл сапар Гонконг аймағының, Орталық Азиядағы негізгі экономикалармен серіктестігін кеңейту және ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын зерттеу мақсатында ұйымдастырылған болатын.

«Орталық Азияның үш елі, Еуразия құрлығының дәл ортасында орналасқан, «Бір белдеу, бір жол» бастамасының маңызды орталықтары болып табылады. Олардың бай табиғи ресурстары, жалғасып жатқан экономикалық реформалары мен үлкен нарықтық әлеуеті, қуатты өсудің серпінін қамтамасыз етеді. Үлкен шығанақ аймағының

синергетикалық әсерімен халықаралық қаржы және бизнес орталығы ретінде, Гонконг, Орталық Азия кәсіпорындары үшін, Қытайдың ішкі нарықтары мен Азияға кірудің стратегиялық нүктесіне айналуға ұмтылады. Мен осы сапар барысында, жергілікті мемлекеттік органдардың, институционалдық құрылымдардың және кәсіп-

керлердің өкілдерімен кеңейтілген талқылаулар өткізіп, екіжақты пайдаға қол жеткізу үшін қаржылық технологиялар, тұрақты даму, сауда және логистика сияқты салаларда бірлескен жобаларды зерттеу мүмкіндігін асыға күтеміз», – дейді Invest Hong Kong үкіметтік агенттігінің инвестициялар тарту жөніндегі директоры.

Альфа Лау ханымның айтуынша, Гонконгтың сенімді құқықтық-нормативтік базасы, қарапайым салық режимі мен төмен ставкалары, сондай-ақ, айтарлықтай халықаралық кадрлар резерві Орталық Азиядағы инфрақұрылымдық және делоперлік жобаларды қаржы-

ландырудың әртараптандырылған арналарын қамтамасыз ете алады. Қаладағы кәсіби қызметтер экожүйесі, жергілікті кәсіпорындардың трансформациясы мен халықаралық кеңеюіне көмектесе алады.

Ол бұл сапары барысында мемлекеттік мекемелердің, қаржылық реттеушілердің, қор биржаларының, сауда палаталарының, банктер мен қаржы, инновациялар мен технологиялар, сондай-ақ сауда салаларындағы кәсіпорын басшыларының өкілдерімен кездесті. Бұл кездесулер нақты ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерттеп, Гонконгтың бизнеске ұсынатын бірегей артықшылықтарын таныстыру мақсатында ұйымдастырылады.

Invest Hong Kong үкіметтік агенттігінің мәліметі бойынша, Гонконг пен Орталық Азия арасындағы сауда және экономикалық байланыстар күн сайын нығайып келеді. 2023 жылы Гонконг пен Орталық Азия арасындағы жалпы тауар айналымы жылдық есеппен 50 пайыздан артып, 1,7 миллиард АҚШ долла-

рынан асты. Орталық Азия елдері арасында Өзбекстан мен Қазақстан Гонконгтың аймақтағы негізгі сауда серіктестері болып табылады. 2023 жылы екіжақты сауда көлемі тиісінше 1,39 миллиард және 300 миллион АҚШ долларына жетті. Сонымен қатар, 2024 жылдың алғашқы 9 айында Гонконг пен Қырғызстан арасындағы сауда едәуір өскенін көрсетті: экспорт өткен жылмен салыстырғанда 1,5 еседен асты, ал импорт 5 еседен көп өсті, бұл екіжақты ынтымақтастықтың зор әлеуетін көрсетеді.

Ұлттық статистика бюросының есебі бойынша, 2025 жылдың қаңтар-тамыз айларында Қазақстан мен Гонконгтың сауда айналымы 130734,9 мың долларды құрады. Оның 95 546,3 мыңы экспорт, 35188,6 мыңы импорт. Соның нәтижесінде Гонконгтың экспорттағы үлесі 0,2 пайыз, импорттағы 0,1 пайыз болып отыр.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

Баспасөз – 2026

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

ТАРАТУ

3. «Өзгелді» ЖШС (БСН 221240029845) Абай облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылдық округі, Жүрекадыр ауылы, Айбек қыстауы, 2-үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Семей қаласы, Загородный қиылысы, 22-үй. Тел. 8 708 166 75 38.

7. «БАТЫС АЛИ АГРО» ЖШС (БСН 150140019454) өзінің таратылғаны жайлы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Сундетқали Есқалиева көшесі, 133-үй мекенжайы бойынша қабылданады.

10. ММИБ «Қазақфильм, 14 үй» (БСН 250740001678) өзінің жабылғаны туралы хабарлайды. Барлық шағымдар хабарлама шыққаннан соң екі ай мерзім ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Қазақфильм ықшам ауданы, 14-үй, индекс 050023.

13. «ӨМІР» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі (БСН 170340033872) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Шардара ауданы, Сүткент ауылдық округі, Сүткент ауылы, Ерубай Молдабеков көшесі, 5-үй, индекс 161400.

14. «Жаңаарқа-2021» МИБ (БСН 210640016665) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, Жаңаарқа кенті, Акселеу Сейдімбеков көшесі, 55-үй, тел. 8 700 990 23 90.

8. АИТВ инфекциясы аясындағы мемлекеттік қолдау

АИТВ инфекциясы – медициналық қана емес, әлеуметтік тұрғыдан да маңызды мәселе. Сондықтан мемлекет бұл инфекциямен өмір сүретін адамдарды қорғауға және қолдауға бағытталған кешенді шараларды жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарға тегін медициналық көмек, әлеуметтік қолдау және құқықтық қорғау кепілдігі беріледі. Бұл қолдау тек ересектерге ғана емес, балаларға да қатысты. АИТВ диагнозы қойылған азаматтарға антиретровирустық терапия (АРТ) тегін беріледі. Бұл терапия өмір сүру сапасын жақсартып қана қоймай, вирустың таралу қаупін азайтады. Сонымен қатар, диспансерлік бақылау, зертханалық тексерулер, кеңес беру қызметтері де мемлекет есебінен көрсетіледі.

АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдар әлеуметтік осал топтарға жатады. Сол себепті оларға жергілікті атқарушы органдар тарапынан бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған. Бұл көмектердің ішінде әлеуметтік жәрдемақылар, психологиялық және заңгерлік кеңес беру қызметтері мен үкіметтік емес ұйымдар арқылы әлеуметтік сүйемелдеу бар. Мұндай қолдаулар адамның қоғамда толыққанды өмір сүруіне, емді үзбей қабылдауына және кемсітушіліксіз ортада болуына мүмкіндік береді.

АИТВ диагнозы бар балаларға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мүгедектік мәртебесі тағайындалады. Шешім медициналық көрсеткіштерге қарай, дәрігерлік-әлеуметтік сараптама (МЭС) комиссиясымен қабылданады. Бұл шаралар баланың өмір сапасын арттыруға және қоғамға толыққанды бейімделуіне бағытталған.

АИТВ инфекциясымен өмір сүретін адамдарды қолдау – тек медициналық емес, әлеуметтік әділдік пен адам құқығын қорғау мәселесі. Мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектер олардың өмірін жеңілдетуге, қоғамдағы стигманы азайтуға және денсаулығын сақтауына үлкен үлес қосады.

Масалимов Алмас Байқұрмашевич ШЖҚ «Алматы облыстық ЖИТС-ның алдын алу және оған қарсы күрес орталығы» директоры.

ӨРТУРА

4. «BES.media Ltd.» жеке компаниясы (БСН 23094000323) 2025 жылдың 3 қарашасынан бастап өзінің жарғылық капиталының көлемін 15 000 000 (он бес миллион) теңгеге дейін қысқарту туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 8/2 үй, пошта индекс 205К7Р2.

5. Астана қалалық мамандандырылған экономикалық сотының 2025 жылғы 5 қарашадағы ұйғарымымен «INDCOM PARTNERS» ЖШС-не, БСН 110240018041 қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы № 7119-25-00-2/13100 азаматтық іс қозғалды. Кредиторлардың талаптарын уақытша әкімші Ісұхамеджанова Зүхра Жақыбайқызы мына мекенжайда қабылдайды: Астана қаласы, Кенесары көшесі, 46-38, тел. 87015364487, пошта: 120612052308muha@mail.ru.

6. «ЯСИН» «Медицина орталығы» ЖШС (БСН 150940010653), орналасқан жері: Ақтау қаласы, 17-шағынаудан, 89/1 ғимарат) өз құрамынан жаңа заңды тұлға - «ЯСИН МЕДИКАЛ» ЖШС (орналасқан жері: Ақтау қаласы, 19-а-шағынаудан, 7/1 ғимарат) бөліп шығару арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы барлық қажетті талаптар мен өзге де мүдделі тұлғаларға осы арқылы хабардар етеді. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 17-шағын аудан, 89/1 ғимарат, Тел. +7 (702) 186-81-55, e-mail: yasin.18@inbox.ru.

11. «МҰҢАЙПОРТСЕРВИС» ЖШС (БСН 021140001582) жарғылық капиталдың мөлшерін 124.000.000 (жүз жиырма төрт миллион) теңгеден 300.000 (үш жүз мың) теңгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Кез келген наразылық хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 12 шағын ауданы, 22-үй, 51-пәтер.

15. Жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған қайталау конкурс өткізу туралы хабарландыру

1. Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы 2025 жылғы 12 желтоқсан күні сағат 11.00-де Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, 304 кабинет мекенжайы бойынша жолаушылар мен багажды автомобильмен республикаішілік тұрақты тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған қайталау конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу туралы хабарлайды.

Конкурсқа қойылған лоттар туралы толық ақпаратты мына мекенжай бойынша Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61 үй, 308 кабинет немесе тел. (87152) 33-11-17, 33-86-95 арқылы, сондай-ақ Басқарманың ресми сайтынан dptiad.sko.gov.kz алуға болады.

2. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңнама негіздерде автокөлік құралдарын иеленуші кез келген жеке және заңды тұлғалар қатыса алады.

3. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Петропавл қаласы, Интернационал көшесі, 61-үй, 308-кабинет мекенжайы бойынша ұсынуы тиіс.

4. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: **2025 жылғы 27 қараша сағат 18.00-ге дейін.**

5. **2025 жылғы 14 қараша күні сағат 11.00-де** № 304 кабинетте конкурстық комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференцияны «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларына» енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, өткізеді.

6. Анықтама алу үшін телефондар: 8(7152) 33-11-17, 33-86-95. электрондық мекенжайы: uptiad@sqo.gov.kz.

12. «First Best-1» ЖШС, БСН 200540021686, өзінің жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар екі ай ішінде Көкшетау қаласы, М.Әуезов көшесі, 177, 302-кеңсе мекенжайы бойынша қабылданады.

16. «Джетыгара» ЖШС (БСН 110540020024) өзінің «Мюктыкуль» ЖШС-не (БСН 110540011174) біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар екі ай ішінде Қостанай қаласы, Шақшақ Жәнібек батыр көшесі, 18-үй мекенжайы бойынша қабылданады.

МҰРАГЕРЛІК

2. 30 қыркүйек 2025 жылы Нұртлеуов Қайрат Аяновичтің қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлерінің нотариус Г.К.Султанованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі, 114. Тел. +7 777 434 14 81, +7 775 512 89 41.

9. Павлодар облысы соттарының, Қазақстан Республикасы Судьялар одағы Павлодар облысы бойынша филиалының, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігі Павлодар облысы бойынша департаментінің ұжымдары, Павлодар қаласы қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотының судьясы Әнуарбек Шаймарданұлы Оспановқа анасы

Шаймарданқызы Дәмәткен қажының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби, 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ҚХО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Анық қашан екені есімде жоқ, сонау бір жылдары елімізде оннан астам мемлекеттердің «Ел қауіпсіздігі саласының» «дөкей» басшылары мен қосшыларының шоң (қырғыз бауырларша үлкен деген сөз) басқосуы өткен. Міне, сонда дастарқанға қазақтың салты бойынша асылған ет келді. Әрине, сыйлы қонақтарға үлкен ағаш астауға үйеме етіп салынған бас, жамбас, сүбе сияқты мүшелер мен қазы-қарта, жал-жая тартылды. Шетелдік меймандар: «Біз вегетарианецпіз, ет жемейміз» деп, сықиып отырған. Сол арада: «Өздерің жемесеңдер де бір асап, дәмін көріңдерші» деп, сурленген қазыдан асатып-асатып жібердік.

тіл қатпаса, мылқау деп ойлап қаларлық. Аузы жабылмай сәмпылдайтын әйелдің, Құдайға шүкір, үні өшті-ау! Құлақ еті тыншып жақсы болып қалды.

– Шамиль, мен Русланды іздеуге бекіндім. Егер, сіз «жиенім жоғалды» деп, жалған спектакль қойып жүрсеңіз не істейміз? Ендігі сөзді іс барысында сөйлесе жатармыз...

...Машинасымен жолға шыққан Қайсенов қалың ой құшағына еніп кетті: «Шамильдің туысының қойлары әдеттегі қойларға неге ұқсамайды? Ерекшелік неде? Қайтып оралып, тағы да бір зер сала қарап, құпиясын анықтауға тырыссам ба екен? Әйтеуір, бір ерекшелігі бар екені анық. Иә, аспандағы жарық айдай анық...

полковник Қайсеновты жалғыз нәрсеге – Шамиль нашақордың айтқандарының шынайылығына көз жеткізіп, сол үшін біраз операциялық әрекеттерді іске асырды.

Қане, бәрін рет-ретімен айтып көрелік. Құдайға шүкір, олардың қылмыс іздеу тобы білімді де, білікті, тәжірибелі құқық қорғау саласының жанкешті мамандарымен толықты. Абылай Әзімханұлына бұрынғы әріптесі, ҰҚК отставкадағы полковнигі Болат Атабаев және өзінің сүйікті кәсібін көңілі қалған жас дәрігер Сухов Дмитрий Анатольевич қосылды. Бұл топқа қосылған адамдардың атақ пен романтика үшін емес, ізденіске деген қызығушылық және өздерінің мамандығына деген сүйіспеншілік себептерімен келгендері

сұраққа алғандарды «өздеріңнің қылмыстық қастандыққа қатыстарың бар» деп айыптады. Абылай Шамильге: «Кінәңді өз еркіңмен мойында» деп, бұлтарып кетпейіне барын салды. Дәл сол тұрғыда Болат үй иесін қыспаққа алды. Көп ұзамай, Русланның бақытсыз ағасы қалш-қалш етіп дірілдеп, ал әйел көз жасын көлдей етіп төгіп, өзін тоқтата алмай, еңіреп жылауға көшті.

Осындай қызу жауап алудан кейін Қайсенов көрші бөлмедегі Болатпен кеңесіп алуға келді. Оған жауап беріп отырған әйелді: «Сіз әзірше күйеуіңізбен әңгімелесе тұрыңыз» деп, бөлмеден шыға тұруын өтінді. Ол бөлмедегі үстел үстінде полковник Қайсеновтың қағаздары, мүйіз

экранындағыдай «жарқ» етіп келе қалды. «Айналайын асқар тауым – әкетайым Әзімхан, жарық дүние сыйлап, ақ сүтін беріп, әлпештеген Айбүбі – анатайым, қаншама «тар жол, тайғақ кешкен», жеке басыма қауіп төнген сәттерде, ұстасқан дұшпанымыз жеңіп шығып, қолына темір кісен салуым сіздердің келер жолыма қарап, дұға оқып, құдіреті күшті құдайдан аман-есен оралуымды сұраған тілектеріңіз ғой...» деген ойдан жүрегі аттай тулап, жанарына ыстық жас үйірілді. – «Аман болып, ұрпақ қызығы мен рахатын бірге көре беруді Алла жазсын...» деп, күбірлегенін өзі сезбей қалды...

«...Ой дегенің таусылмас түпсіз терең мұхит қой, бекерге ой қуа бермей, дәл бүгін көптен бері жоспарлап жүрген шаруамды шешіп алайын...». Осы оймен ҰҚК ардагерлер кеңесінің төрағасы полковник Уап Хасенбайұлына кіріп шығуға ұйғарды. Оның қызметі жолдың арғы жағындағы бұрынғы НКВД, қазіргі ҰҚК-нің ескі ғимаратында орналасқан болатын.

Уап Хасенбайұлы оны жылы шыраймен қарсы алды. Полковник оған ешқандай кіріспесіз өз идеясын айтуға кірісті:

– Уәке, мен біздің ҰҚК-нің бұрынғы қызметкерлерін, яғни барлық зейнеткерлерді іздестіріп тауып, оларды ортақ іс-шараларға тарту идеясымен келдім. Әйткені, біз – бұрынғы жедел қызметкерлер және бізбен бірге қартайған агенттер бүкіл қалаға шашыраңқы, әрқайсысы өз бетінше қалып, жұмыссыздықтың зардабын тартуда. Егер бәріміз біріксек, бес адамнан тұратын топтарға бөлініп, олардың ішінен «старшойын» сайлап аламыз. Сөйтіп, арамызда күшті байланыс орнаса, онда бар-жоғы екі сағат ішінде бүкіл қаланы «сүзіп» шыға алатын қуатты күшке айналар едік. Автокөлік, отбасы мүшесі, үй жануарлары жоғалған жағдайда,

ШАМИЛЬ ШАЛДЫҢ

Мә-ә! «Вегетариандарың» «жемейді» екен! Қазы-қартаны да, ылбырап піскен қойдың құйқасын да, майлы жілік пен жылқының сүрленген сүбесін де қомағайлана асағанда, ет жеп үйренген біз жолда қалдық. Артынан езілген құрт қосқан сорпадан әлгілер екі-екі кеседен ішіп, тыңқиып алып, қарындарын сипап отыр. Екі-үш күннен кейін кетер кезде әлгі вегетариандарың: «қазақша ет болса» деп, сұрап отыр.

Әрине, сұрайтындарын біліп, ет астырып қойғанбыз. Қомағайлана асап, сорпаны да сораптай ішіп, қарқ-қарқ күліп мәз болды. Міне, біздің қазақша асылған етіміздің қасиеті... – деп Абылай Әзімханұлы дастарқандас достарына күле отырып әңгімелеп бергені бар.

Ал, қымбатты ата, «абуынды» өзің же, мен ондай тамақты аштан өлгелі жатсам да жемеймін де, ішпеймін!» – Полковник бағанағы басталған ойын әрі қарай жалғастырды:

«Ал сен, Шамиль, жиеніңнің қайда кеткенін айта аласың ба? Біреуге сатып жібердің бе, айырбастадың ба? Маған айтып жүрген ертегің, туыстарыңды сендіру үшін жасаған пасық қулығың ба? Ертең мен ол залымдығыңды әшкерелесем, туыстарыңның бетіне қалай қарап, қалай ақталасың?»

Қайсенов қариямен сөйлеспек болып еді, ол үн қатпай, өзінің үйреншікті діріл-қалшылына басты. Шамильдің әйелі азаптау кезінде де аузын «ләм-мим» деп аша қоймас. Ал аузы жабылмайтын апай бір сәт сөйлесемсе, ауырып қалатын сияқты. Сондықтан, оған жоламауға тырысты, өйткені, ол сөйлей бастаса, Қайсеновтың басы айналып, миы шаншып кетеді.

Енді мына жүйкесін жүндей тұткен тұрғындардан құтылу үшін, полковник үйдің шаруашылық нысандарын аралап көре бастады. Шаруашылықтары, несін айтасың, мықты екен. Асыл тұқымды иттері үрмегенмен, қонаққа, біртүрлі ала көздерімен атып, жауыға қарайды. Аралай жүріп, өзін жылан патшалығының иелігінде жүргендей сезінді. Қорада тұрғаны бар, сырттағысы бар, бір сиыр өгізшесімен, жиырмаға жуық қой. Қойлары біртүрлі: сүйкімсіз, ашулы сияқты ма, Рим гладиаторларындағы бұқалар сияқты адамға күжірейіп, көз астынан ежірейе қарайды. Тіпті, аларған көздерімен, қарақшылар құсап өшігіп, жауыға қарайды. Өздері ешкімнен үрікпейтін шатақ, өте батыл екендігі анық байқалып тұр.

Құдды, құжат сұрап, себепсіз байланысқысы келіп тұратын парақор шенеуніктер сияқты екен. «Суық жымиятын кобраның» бір ауыз сөз айтпайтын күйеуі қонақ кетер кезде «хош» деп бір рет қана

Алматы күзі – табиғат-ананың шеберлікпен жасап қойған дайын вернисажы. Бразилиядағы карнавал сияқты ерекше көрініс. Әр ағаш өзін ерекше түрде түрлі-түсті жапырақтармен бояйды, ал күз түскенде жалаңаштанғанымен, бәрібір әдемілігін жоғалтпайды.

Сарғыш, күрең-қызыл түске енеді, ал шырша тектес ағаштар жаздағы өңін жоғалтпай, жыл бойына жап-жасыл болып құлпырып тұрады. Құрап, жерді тыңайтып жататын өсімдіктердің жапырақтары – табиғаттың өзі жасап қойған санитар дерсің! Сол себепті, жер – жұмсақ, күрең және қоңырқай топырақ өте құнарлы. Қазақемнің: «жерге қаққан қазығың дарақ болып өсетін» дейтін теңеулері осындайдан айтылса керек. Қысқасы, жер жәннаты – Жетісудың бұл аймағы түрлі-түсті кілеммен жабылған, көрінісін көріп, көңілің көктемдей құлпыратын дайын тұрған көрме. Таудан сылдырлай ағып, жаз бойы бүкіл қаланы салқын, қоңыржай лепке бөлеп тұратын бұлақтар мен Хамит Ерғалиев жағалауындағы шағын «Ессентай» өзенін, Димаш аға Қонаевтың сұңғылалықпен тарттырған «Үлкен Алматы», «Кіші Алматы» каналдарын айтсаңшы! Барлық тіршілік атаулы түнгі ұйқыға кетіп, маужырай балбыраған табиғаттың тамаша сәтін суреттеуге тек ақынның ғана тілі жетер. Ұлы Абай ақынның:

Желсіз түнде жарық ай,
Сәулесі суда дірілдеп.
Ауылдың жаны терең сай,
Тасыған өзен гүрілдеп... – деген табиғат лирикасы ұлы ақынның дәл осы Алматы түнін көріп сүйсініп, өлеңмен өрген суреттемесі дерсің! Қазіргі жастардың да: «Алматы түні, Алматы түні – ұйқымды менің ұрлады» деп шырқауы тегін дейсің бе?!

...Қайсенов нашақор Шамильдің жиеніне байланысты іспен шұғыл айналысуға бекінді. Бұл күндері ескі бақ алаңын шарлай жүріп, «Руслан балақайды қалай ұрлауы мүмкін?» деген ойдың жетегімен, әйтеуір бірнеше нұсқасын елестетіп отырды.

Көз алдына «Кобраның» суық жымыясы мен жау көргендей ежірейіп тұратын бір ғана емес, бір қора қойлары келе береді.

«Сол ерекше жаратылған қойлар мені несімен таң қалдырады? Не себептен солар көз алдыма келе береді?»

«Ұрланған баланы қайда, кімге апаруы мүмкін? Бұл не? Әкесінен, анасынан, ағасынан кек алу ма? Ешкім қиналып, жүрегін ауыртпай жүргені байқалмайды. Ешкім еңіреп жылап, көз жасын көлдетпейді».

Арнайы құрылған қылмысты іздеу мен тергеу тобының басшысы



ҚҰШЯСЫ

айқындалды. Белгілі бір мақсатқа жету үшін жұмыс істейтін энтузиастардың жауынгерлік ұжымы қалыптасқаны белгілі болды. Олардың дәл қазірдің өзінде нақты жедел-техникалық операцияларды жүргізе алатындығы анық. Мәселен, Атабаев мамандығы бойынша радиоинженер, ҰҚК-нің талдау бөлімшесінде қызмет еткен. Болмысы жұмсақ та мейірімді, адамдарға жаны ашып тұратын, қасқабастар санатына қосылмағанымен, шашы ағарып, сирей бастаған ол тек «Атаба» деген сөзді өзіне қорлық санап, қатты ренжіп, ашуға берілетін.

...Сонымен, олардың өте тату – жұдырықтай жұмылған бригадасы толық құраммен Шамильдің үйіне келді.

Бір таңқаларлық нәрсе: Мұндағы көріністің бәрі полковник Қайсеновтың алғашқы келгендегі сияқты қайталанып тұрғаны болды. Ауладағы үлкен пеш қою көк түтінін бұрқырата жанып тұр. Оның жанында баяғы сөзшең әйел тоңқаңдап жүр. Сол сияқты, күлкіден бе, жылаудан ба, қайсысынан екені белгісіз, тозған шүберектің өңіндей сүреңсіз қарт (Шамильдің әкесінің) тұрқының дірдір еткен жанашырлық тұрысы.

Детектив тобы үшеуін жеке-жеке бөлмелерге бөліп, Русланның жоғалып кету себебінің егжей-тегжейін, одан қалса, ұсақ-түйектерін анықтау мақсатымен сұрақ-жауап алуды бастады.

Абылай Әзімханұлы Шамильдің өзімен, Болат оның жұбайымен «жұмыс» жүргізіп, ал Дима дірілдеген атамен қалды. Бұл жолы олар

жиекті көзілдірігі мен қорапшасы қалған болатын.

Бұл жағдайда ерлі-зайыптылар не туралы сөйлеседі деп ойлайсыз? Әрине, тергеушілерді қызықтыратын мәселелер туралы әңгіме қозғап, неғұрлым ашық сөйлескені дұрыс болар еді...

Сонымен, олардың бүкіл әңгімесін Дима тет-а-тет Әзімханұлының көлігіне жайғасып, магнитофонға жазып отырған болатын. Бұл іс-шараның барлық мән-мағынасы осыған сайды. Болат өзінің бұрынғы қызметінен алған тәжірибесімен көзілдірік қорапшасында жазылған деректерді ортаға салып, қылмысты іздеу, тергеу тобының мүшелері өзара талқылауға кірісті.

Жазудағы дерек бойынша, ізшілдер Шамильдің де, оның әйелінің де кінәсіздігіне көз жеткізе алды. Сонымен қатар, олар Руслан байғұсты көрмесе де жақсы көріп, оны тапқан жағдайда, кадет мектебіне орналастыру керек деп шешті. Бірақ, ол мәселе қашан шешілері әлі белгісіз...

Абылай Қайсенов тағы да терең ойдың құшағына беріліп, күзгі бақ алаңында жай қыдырыстап жүр. Сырты бүтін болғанымен, іші түтін. Қылмыс ашылып, Руслан балақай табылғанын, оның жанына тыныштық қайдан келе қалсын-ау?!

...Абылай Әзімханұлының көз алдына қара шаңырақтағы ата-анасы мен өз жанұясындағы сүйікті жары – Айша мен ұл-қыздары Медхат пен Қасымның, еркетотай кенжесі – Еркеназдың сүйкімді бейнелері кино

барлық күш біріге тізе қоса қимылдап, көздеген мақсатымызға оңай қол жеткізе аламыз. Әрине, зейнеттегі қызметкерлердің қолына тиетін ақша ешқайсысына артық болмайтындығы түсінікті, – деп Абылай Әзімханұлы қарт чекистің бетіне «бұған не айтасыз?» дегендей барлай қарады.

– Несі бар, дұрыс идея. Мен қос қолдап қолдаймын.

– Керек болса, біреулердің үй жануарларын жоқ қылып, өзіміз іздеу салып, «тауып алу» операциясын ұйымдастыруға болады, – деп сөздің соңын жеңіл әзілге бұрып жіберді.

– Тыныш... Тек ешқандай қылмыс элементтеріңіз! – деген бурыл шашты полковник, қоңқақ қызыл мұрнын бір сипап қойып, Қайсеновтың бетіне байыптай қарады. – Мен сені өмір бойы ұйымдастыру мәселелерімен айналысқан, тәжірибесі мол майор Қошқарбаевпен байланыстырамын.

– Бәрекелді! Абылай Әзімханұлы қарт полковниктің, өзінің санасына «жарқ» еткізіп түсірген сәулесіне қуанғаннан, билеп кете жаздады. Бұл сәуле, әрине, түсі суық «кобраның» ауласындағы Қазақстанның солтүстігінде ғана өсірілетін әйгілі Қошқарбай тұқымды қойдың кішігірім отары еді. Бұл жануарлар Қайсеновтың желден жүйрік қиялына қатты әсер еткендігі соншалықты, жүрегі дүрсілдеп, миы айналып кетті.

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ

(Жалғасы бар)